



«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 24 шілдедегі шешімімен
(№ 01-01-02/04 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

**«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
2023 жылғы жылдық есебі**

Астана қ., 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Есеп туралы

Мемлекеттік корпорация туралы

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

Директорлар кеңесі төрағасының алғы сөзі

Басқарма төрағасының алғы сөзі

I. ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Миссиясы, пайымы, даму стратегиясы

2. Операциялық қызмет

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету

2.2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру

3. Ақпараттық технологиялар

II. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

4. Тұрақты даму саласындағы басқару

5. Экономикалық тұрақтылық саласындағы мақсаттарды іске асыру

6. Экологиялық тұрақтылық саласындағы мақсаттарды іске асыру

7. Әлеуметтік тұрақтылық саласындағы мақсаттарды іске асыру

8. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету

III. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

9. Корпоративтік басқару жүйесі

10. Жалғыс акционер

11. Директорлар кеңесі

12. Директорлар кеңесінің Комитеттері

13. Басқарма

14. Сыйақылар туралы есеп

15. Корпоративтік бақылау

15.1. Омбудсмен

15.2. Комплаенс бақылау

15.3. Ішкі аудит

15.4. Тәуекел менеджменті және ішкі бақылау

IV. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

16. 2019-2023 жылдардағы сыртқы аудитор туралы ақпарат

17. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

Мүдделі тараптар үшін байланыс ақпараты

КІРІСПЕ

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-ның 2023 жылғы жылдық есептің (*бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация, Есеп тиісінше*) мақсаты мүдделі тараптарға даму стратегиясы, мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметтің қол жеткізілген нәтижелері, корпоративтік басқару жүйесі, қаржылық көрсеткіштер және Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы жауапкершілік туралы толық және нақты ақпарат беру болып табылады.

Есеп Қазақстан Республикасының (*бұдан әрі - ҚР*) ақпаратты ашу саласындағы заңнамалық талаптарына, Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне және ақпаратты ашу және Есепті дайындау тәртібін айқындайтын ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес дайындалды.

Есепте 2023 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңдегі, сондай-ақ көрсеткіштердің өзгеру қарқынын көрсету үшін өткен жылғы көрсеткіштер қамтылады. Есеп Мемлекеттік корпорацияның есептік кезеңдегі жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Қаржылық деректер Есепте Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған Мемлекеттік корпорацияның аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес ұсынылған.

Есеп жыл сайын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады және Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz веб-сайтында қолжетімді болып табылады.

Осы Есеп Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 4 шілдедегі шешімімен бекітілген.

МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ ТУРАЛЫ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңымен Мемлекеттік корпорацияның «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастыру қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы провайдер ретіндегі мәртебесі айқындалған (11-1-бап).

Мемлекеттік корпорация ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 39 қаулысы негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы 4 республикалық мемлекеттік кәсіпорынды: Халыққа қызмет көрсету орталығын, Жылжымайтын мүлік орталығын, Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығын және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықты біріктіру жолымен құрылды.

2016 жылғы 7 сәуірде әділет органдарында Мемлекеттік корпорацияны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу және 8 сәуірде Мемлекеттік корпорацияның облыс орталықтары мен Астана, Алматы қалаларындағы филиалдары өткізілді.

2016 жылғы 23 маусымда Директорлар кеңесінің шешімімен Мемлекеттік корпорацияның 2016-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді, ол жеке және заңды тұлғаларға бірыңғай провайдер көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын, ашықтығы мен Оолжетімділігін арттыру бағытын айқындады.

Бастапқы кезеңде Мемлекеттік корпорацияның құрылымына Директорлар кеңесі, Басқарма аппараты, 70 филиал, оның ішінде 4 Дирекция: мемлекеттік қызметтер көрсету, жер кадастры, жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру, әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есептеу орталығы және 1 өкілдік қамтылды.

Қызметті оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2017 жылғы мамыр айында Дирекциялар таратылды, Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиал (*бұдан әрі – Орталық филиал*) құрылды, Дирекцияларға есеп беретін филиалдарды біріктіру арқылы өңірлерде бірыңғай аумақтық филиал құрылған. 2021 жылғы желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның құрамында 19 филиал болды.

2018 жылғы 6 сәуірде Директорлар кеңесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай провайдері ретінде Мемлекеттік корпорацияны одан әрі дамыту, азаматтар мен бизнеске қызмет көрсетудің цифрлық форматына көшу, Мемлекеттік корпорацияның адами капиталын дамыту жөніндегі стратегиялық бағыттары бар 2018-2022 жылдарға арналған өзектілендірілген Даму стратегиясын бекіткен.

2018 жылғы шілде айында Мемлекеттік корпорацияға ҚР Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу функциялары берілген.

2018 жылғы желтоқсан айында Мемлекеттік корпорация аудиттен сәтті өтіп, ISO 9001:2015 сериялы халықаралық сапа сертификатын алған.

2019 жылғы шілде айында Мемлекеттік корпорацияға ҚР Әділет министрлігінің заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және коммерциялық ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу функциялары берілген.

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен Мемлекеттік корпорация ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (*бұдан әрі - ЦДИАӨМ*) қарамағына берілген.

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 15 қазандағы № 765 қаулысымен Мемлекеттік корпорацияның қызметін үйлестіру және тексеру ЦДИАӨМ Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің (*бұдан әрі - МКҚК*) қарауына берілді.

2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № 27 қаулысының негізінде Мемлекеттік корпорация Бірыңғай байланыс орталығы (*бұдан әрі - ББО*) болып айқындалған.

(Анықтамалық: аталған қаулының күші ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 502 қаулысымен жойылды. Қазіргі уақытта «Бірыңғай байланыс орталығын анықтау туралы» ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 16 мамырдағы № 177/НҚ бұйрығы қолданыста).

2021 жылғы шілдеден бастап Мемлекеттік корпорация жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштерін қабылдау үшін «бір терезе» ретінде «е-Өтініш» ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және өңдеу қызметін жүзеге асырады.

2021 жылғы 26 қарашада Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі алдыңғы Даму стратегиясының барлық міндеттерін мерзімінен бұрын іске асыруға байланысты, Мемлекеттік корпорацияның 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын бекіткен.

2021 жылғы 13 желтоқсанда Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті дамытуға қосқан үлесі үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының «Барлығына инклюзивті және тең құқықты қызметтерді, оның ішінде цифрлық трансформация арқылы ұсыну үшін инновацияларды ынталандыру» І санаттағы сыйлығы табыс етілді.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Мемлекеттік корпорацияға азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың функциялары берілді.

Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес оның негізгі қызметтерінің мәні:

«бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерге құжаттарды қабылдау және нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу;

ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру;

коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу;

міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;

мемлекеттік жер кадастрын жүргізу;

азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу;

мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға тәулік бойы консультациялық сүйемелдеуді жүзеге асыру.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 19-тармағында жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша қызметтің 92 түрі айқындалған.

2023 жылдың соңында Мемлекеттік корпорация арқылы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде айқындалған қызметтердің 1 281 түрі көрсетілген, оның ішінде 53 түрі бойынша Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті беруші ретінде болды. Мемлекеттік қызмет көрсетуге Мемлекеттік корпорацияның 334 фронт-офис, 676 бэк-офисі және Бірыңғай байланыс орталығы (7 бөлім) жұмылдырылды.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҮНДЕУІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



Құрметті әріптестер мен достар!

2023 жылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының құрылғанына 7 жыл болды. Қазіргі таңда осы жылдар ішінде мемлекеттік қызметтер саласында болған сапалы өзгерістерді көріп отырмыз.

Цифрландыру мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын айқындайтын негізгі факторға айналды. Біз әрбір азамат кез келген уақытта және еліміздің кез келген бұрышынан қажетті қызметтерді ала алатын ашық, қолжетімді және жедел жүйе құрып жатырмыз. Электрондық түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бюрократиялық кедергілерді азайтуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде біз БҰҰ деректері бойынша Қазақстан электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша 193 елдің арасында 28-ші орында екенін және онлайн қызметтердің әлемдік Индексінде 8-ші орында тұрғанымызды мақтанышпен айта аламыз.

Электрондық үкіметтің жаңа құралдары азаматтарға қоғамдық талқылауларға қатысуға, ұсыныстар енгізуге және мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылауға мүмкіндік береді. Әрқайсымыз өзімізге, отбасымызға және балаларымыздың болашағына қатысты шешімдерге әсер ете аламыз.

Құрметті достар! Технологиялық даму қарқыны кейде біздің жоспарларымыздан озып, ыңғайлы шешімдер қабылдауға мәжбүр етеді. Өзгеріссіз қалатыны бұл біздің қоғамның сұраныстарын барынша қанағаттандыруға, адамдардың мүдделерін қорғауға және мемлекет пен азаматтың ортасындағы көпір болуға деген ұмтылысымыз.

Абаханов Нұрсұлтан
«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



Құрметті клиенттер мен серіктестер! Құрметті әріптестер!

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы үшін 2023 жыл бірқатар жаңа жобалармен және жеткен жетістіктерімен ерекшеленді.

Мемлекеттік қызметті алушылардың қанағаттану деңгейі 2022 жылмен салыстырғанда 4,5% - ға өсіп, 98% -ды құрады.

2023 жылы фронт-офистер арқылы 16,4 млн мемлекеттік қызмет көрсетілген. Жыл сайын ХҚКО-ға жүгіну арқылы берілетін өтініштер саны азаюда. Сонымен бірге азаматтардың орталықтарға бармай-ақ ала алатын қызметтер саны артып келеді. Мысалы, Бірыңғай байланыс орталығына шалынған қоңыраулар саны бір жылда 6 млн-нан асаға көбейіп, 30 млн-ға жуық өтінімді құрады.

2023 жылдың қазан айынан бастап Мемлекеттік корпорацияның қарамағына отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі 111 Байланыс орталығы қызметі өтті.

2023 жылдың шілде айында «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры» ақпараттық жүйесінің іске қосылуы біздің қызметіміздегі маңызды кезең болды. Осы саладағы қызметтерді цифрландыру жеделдікті арттыруға және процестерді ашық етуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ біз фронт-офистерді жаңғырту бойынша жұмысты жалғастырдық. Осылайша, 2023 жылы еліміз бойынша 31 цифрлық кеңсе жаңғыртылған.

Қазақстан бойынша постоматтарды біртіндеп енгізіп жатырмыз. Жаңа сервистің арқасында азаматтар тәуліктің кез келген уақытында қажетті құжаттарды ала алады.

2023 жылы «ХҚКО» мобильдік қосымшасы дамуын жалғастырды. Енді қосымшада 79 мемлекеттік қызмет кіші түрлерімен қоса қолжетімді болып табылады.

Мамандандырылған ХҚКО қызметін дамыту маңызды бағыт болып қала береді. 2023 жылғы 16 қазаннан бастап Мемлекеттік корпорация теориялық емтихандарды өзі қабылдай бастады. Бірқатар жаңалықтар, оның ішінде: биометрия, емтихандарды аудио және бейнебақылау, радиосигналдарды басу құралдары енгізілді. Осындай жаңашылдықтардан кейін сәтті тапсырылған емтихандардың пайызы үштен бірге қысқарды. Бұл болашақ жүргізушілердің дайындық деңгейін объективті түрде көрсетіп, жолдардағы қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін қосымша тосқауыл ретінде қызмет етуде.

Мен әріптестерімге 2023 жылы қол жеткізген ауқымды жұмысымыз үшін, ал серіктестеріміз бен клиенттерімізге кері байланыс үшін алғыс айтамын.

Сіздердің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыздың арқасында біз өз қызметімізді жетілдіруді және «халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» дамуына өз үлесімізді қосуды жалғастырамыз.

Арман Кенжеғалиев
«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ
Басқарма төрағасы

ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

1. МИССИЯСЫ. ПАЙЫМЫ. ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 қарашадағы шешімімен (№ 01-01-02/09 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның 2022-2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді.

Миссиясы – Мемлекеттік корпорация - мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы өзгерістердің драйвері және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудағы басты құрал.

Пайымы – 2026 жылы Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын және мемлекет пен азаматтардың сұранымдары мен болжамдарының негізінде олардың өзара әрекеттесу процесін үнемі жақсартып отыратын тиімді, технологиялық және клиенттерге бағытталған компания болып табылады.

Даму стратегиясына 3 бағыт және 5 мақсат қамтылды:

1) Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша платформа.

1-мақсат: Мемлекеттік қызметтер көрсетудің цифрлық форматына көшу.

2-мақсат: Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіндегі рөлін арттыру.

2) Мемлекеттің кері байланысының үйлестірушісі.

3-мақсат: Клиенттермен тиімді байланыс механизмін құру.

3) Тиімді ұйым.

4-мақсат: Өндірістік және операциялық процестердің ресурс сыйымдылығын төмендету.

5- мақсат: Корпоративтік, инновациялық, сервистік қызметтерді одан әрі дамыту қызметкерлерді тарту деңгейін арттыру үшін тәуекел-мәдениет.

Осылайша, алдағы бес жылға Мемлекеттік корпорация өзінің дамуын мемлекеттік қызметтерді көрсету және азаматтардың өтініштерін қарау кезінде халықпен кері байланысты қамтамасыз ету, оған бизнес-қоғамдастық қол жеткізе алатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер платформасын құруға қатысу, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын саннан сапаға көшіру арқылы тұрақты жақсарту жөніндегі қызметінде көріп отыр, ішкі процестер мен ресурстардың тиімділігін арттыру.

Даму стратегиясында 11 қызметтің негізгі көрсеткіші (*бұдан әрі – ҚНК*) көзделген. Іске асыруға 2023 жылға 9 тиімділік жоспарланған.

т/б №	ҚНК	Өлшем бірлігі	2022		2023	
			Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
1-стратегиялық бағыт.						
Мемлекеттік қызмет көрсету платформасы						
1-мақсат: Мемлекеттік қызметтер көрсетудің цифрлық форматына көшу						
1	Фронт-офистер желісін дамыту (франшиза) (100 нүкте)	бірлік	5	0	10	200

2	Ақпараттық жүйелердің жұмыс қабілеттілік деңгейі (Мемлекеттік корпорация жағында)	%	99,6	99,9	99,7	99,9
3	Мемлекеттік корпорацияның бэк-офистері адамның қатысуынсыз көрсететін транзакциялар үлесі (ақпараттық анықтамаларды қоспағанда)	%	5	4,3	10	12,6
4	Бейне-ХҚКО арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер үлесі	%	5	0,21	10	10,8
2-мақсат: Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіндегі ролін арттыру						
5	Мемлекеттік корпорацияның мәртебесі туралы заң жобасын әзірлеу	бірлік	1	1		
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттің кері байланысын үйлестіруші						
3-мақсат: Клиенттермен тиімді байланыс механизмін құру						
6	Мемлекеттік органдарға келіп түсетін өтініштер саны («е-Өтініш» АЖ) (<i>«е-Отыніш» АЖ білім базасы және нәтиже орталықтарындағы мәселені шешу есебінен өтініштерді азайту</i>)	%	95	0	85	100
7	Мемлекеттік қызмет көрсету және Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі	%	87	-	87,5	93
8	Жаңғыртылған фронт-офистер саны (115)	бірлік	14	14	15	31
3-стратегиялық бағыт. Тиімді ұйымдастыру						
4-мақсат: Өндірістік және операциялық процестердің ресурс сыйымдылығын төмендету						
9	Ішкі процестерді автоматтандыру деңгейі	%	30	71	50	94,6
5-мақсат: Корпоративтік, инновациялық, сервистік қызметтерді одан әрі дамыту қызметкерлерді тарту деңгейін арттыру үшін тәуекел-мәдениет						
10	Оң аймақта ұстап қалған персоналдың тартылу деңгейі	%	60-80	82	60-80	85,4
11	Енгізілген грейдирлеу жүйесі	бірлік	1	0		

2023 жылдың нәтижелері бойынша 8 ҚНК-ге қол жеткізілді және 1 ҚНК-ке қол жеткізілмеді.

ҚНК қол жеткізбеу іс жүзінде өтініш берушілер өтініштерді электронды түрде (e-otinish.kz., eGov.kz.) өз бетінше жіберуді таңдағандығына байланысты (e-otinish.kz., eGov.kz.). Мәселен, 2023 жылы өтініштердің жалпы санынан - 2 921 949, «Нәтиже» орталықтары арқылы 23 673 немесе 0,8% қабылданды, бұл ҚНК орындалуына әсер ете алмады.

2023 жылы Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы 86% құрады (50 тармақтың 7-і орындалмаған).

2024 жылға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар

провайдер және көрсетілетін қызметті беруші ретінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді одан әрі жетілдіруге, қызмет көрсету сервисін арттыруға, операциялық тиімділікке, адами ресурстарды дамытуға бағытталатын болады. Мемлекеттік корпорация қызметінің нәтижелілігін арттыру үшін стратегиялық көрсеткіштерді түзету жоспарлануда.

Мемлекеттік корпорацияның жетістіктерінің ішінен, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы Заңында бастамашыл түзетулердің көрсетілгенін атап өткен жөн.

Аталған заңның негізгі ережелері:

1) қызметкерлер тарапынан жауапкершілікті арттыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін не азаматтардың дербес деректеріне қолжетімділігі бар жұмыскерлерінің жекелеген санаттарын мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар қатарына жатқызу (норма 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);

2) мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін беру функцияларын серіктестік келісімдер жасасу арқылы кәсіпкерлік субъектілерінің атынан серіктестік ұйымдарға беру;

3) Мемлекеттік корпорацияның Мемлекеттік корпорация қызметінің кіріс түрлерін кеңейту үшін, көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша жеке ақыға қосымша сервистік қызметтер көрсету мүмкіндігі;

4) Мемлекеттік корпорацияға жеке және заңды тұлғалардың әкімшілік органдарға өтініштерін қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі құзыретті бекіту.

Заңды іске асыру Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерін ынталандыруды және олардың тиісті жауапкершілік деңгейін, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы мемлекеттік-жеке әріптестікті дамытуды, Мемлекеттік корпорацияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорацияның есептік жылдағы басқа да жетістіктері және оның қызметіне арналған негізгі жобаларды іске асыру қорытындылары осы Есептің «Операциялық қызмет» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру» 2.2-кіші бөлімінде келтірілген.

2. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету

Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің қызметі

2023 жылдың соңында Мемлекеттік корпорацияда 334 фронт-офис жұмыс істеді (2022 жылы - 325), оның ішінде: Халыққа қызмет көрсету бөлімдері (ХҚКО) – 263, ХҚКО секторлары – 35; Көші-қон қызметтері

орталықтары (КҚҚО) – 5, КҚҚО секторлары – 2; Көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру жөніндегі мамандандырылған бөлімдер (бұдан әрі - Мамандандырылған ХҚҚО) – 29, оның ішінде 21-і автодромдармен, Мамандандырылған ХҚҚО секторлары – 71 (ХҚҚО-ларда орналасқан), оның ішінде 3-і автодромдармен.

2023 жылдың қорытындысы бойынша фронт-офистер арқылы 16 457 261 мемлекеттік қызмет көрсетілген (2022 жылы - 16 627 126), оның ішінде:

қағаз нысанда операциялық зал арқылы - 16 409 163 қызмет немесе 99,7% (2022 жылы 16 560 593 немесе 99,6 %);

электрондық нысанда – 48 098 қызмет немесе 0,3% (2022 жылы - 66 533 немесе 0,4%).

2022 жылмен салыстырғанда көрсетілген қызметтердің жалпы санының 169 865 бірлікке немесе 1% төмендеуі байқалады. Бұл ретте келесі өңірлерде мемлекеттік қызметтер санының өсуі байқалады: Алматы қ. +145 254, Жамбыл облысы +318 387, Ақтөбе облысы +59 636, Солтүстік Қазақстан облысы + 39 423, Батыс Қазақстан облысы + 2 547.

2023 жылы фронт-офистер арқылы көрсетілген ең көп сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

№	Мемлекеттік қызметтердің атауы	Саны
1	Көлік құралының әйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру	3 290 773
2	Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу	3 263 917
3	Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру	2 675 442
4	Жылжымайтын мүлікке құқықтард (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу	1 162 907
5	Жүргізуші куәліктерін беру	1 113 631
6	Регистрация по месту жительства	539 216
7	Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету	399 856
8	Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне енгізу жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық тесеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру	384 685
9	Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру	331 223
10	Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру	336 106
	Барлығы	13 551 460

Аталған мемлекеттік қызметтер көрсетілген қызметтердің жалпы санының 82,3%-ын құрайды.

2023 жылы «Connection point» өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында азаматтар өз бетінше алған мемлекеттік қызметтер саны 2022 жылғы деректермен салыстырғанда 8,2%-ға азайды: 2023 жылы - 15 060 125 қызмет, 2022 жылы - 16 406 489. Халық Астана және Алматы қалалары, Атырау, Ақмола, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар және Түркістан облыстары бойынша филиалдарда мемлекеттік қызметтерді белсенді түрде алады.

Жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша шалғайдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындарына мобильді ХҚКО (бұдан әрі - ХҚКО) шығулары арқылы 28 1614 мемлекеттік қызмет көрсетілді (2022 жылы – 73 548). 2023 жылы МХҚҚО 5 274 шығу жүзеге асырылған (2022 жылы – 5 274).

Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы динамикасы:

Атауы	2023 жыл	2022 жыл	Динамика	Ескертпе
Бас тартулар мен тоқтата тұрулар	189 091	206 618	17 527 немесе 8,5 % төмендеу	Жалпы бас тартулар санын азайту
Фронт-офис жұмыскерлерінің кінәсінен бас тартулар мен тоқтата тұрулар	58	43	15 немесе 34,9 % ұлғайту	Бас тартудың негізгі себептері - құжаттардың толық емес топтамасын қабылдау, ХҚКО ИАЖ-ға өтінімдерді қалыптастыру кезінде мұқият болмау
Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу	278 297	146 063	132 234 немесе 41% ұлғайту	Ақпараттық жүйелердің техникалық істен шығуы себебінен мерзімдердің бұзылудың ең көп саны - 111 674 немесе 76,4%. Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация жағында іркілістер 0,01% құрады
Фронт-офистер жұмыскерлерінің кінәсінен мерзімдерді бұзу	0	0		
Фронт-офис жұмыскерлерінің кінәсінен ресімдеу уақытын бұзу	1 396	2 645	1 249 немесе 47,2 % төмендеу	Себебі - төмен жылдамдықты сканерлер, 2 қызметкерге 1
Фронт-офис жұмыскерлерінің кінәсінен бұзушылықтардың жиыны	1 454 (58+0+1 396)	2 688 (43+0+2645)	1 234 немесе 45,9% төмендеу	Мемлекеттік қызмет көрсету сапасының деңгейі 100-ден 99,99% құрады (1 454 / 16 457 261*100)

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алғаннан кейін Product Echregierpe көрсетілетін қызметті алушылармен кері байланыс жүйесі арқылы өлшенетін NPS деңгейі 98 % (2022 жылы – 93,5%) құрады.

Фронт-офистердің қызметін жедел үйлестіру, олардың нақты уақыт режиміндегі жұмыс процестерін бақылау және мемлекеттік қызметтер көрсету барысында халықпен кері байланысты қамтамасыз ету үшін Ахуалдық орталықтың цифрлық камералары және DSS Pro серверлік кеңістігі бар бірыңғай бейнебақылау платформасы жұмыс істейді. Бейнебақылау платформасына республика бойынша 315 фронт-офисте орнатылған 315 цифрлық бейнетіркегіш пен 1 899 цифрлық бейнекамера қамтылған. Филиалдардың 183 бөлімінде байланыс бейнеканалының республикалық порттан облыстық портқа ауысуы жүзеге асырылды, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы 37 бөлімде және филиалдардың 95 аудандық бөлімінде бейнебақылаудың Мемлекеттік корпорацияның меншікті VPN-туннеліне толық ауысуы жүзеге асырылды. Платформаны басқаруға Басқарма аппаратының 7 оператор-маманы және филиалдарда 1 маман жұмылдырылған.

Ахуалдық орталықтың қызметіне фронт-офистерде құжаттарды қабылдау жөніндегі жұмыскерлерді бейнебақылау, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингін және электрондық кезек таблосы бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың күту уақытын, фронт-офистер басшыларының фронт-офистерде көрсетілетін қызметті алушылардың жиналуын азайту және жеңілдету бойынша шаралар қабылдауының уақтылығын қамтылады.

Фронт-офистер желісі бойынша ақылы қызметтердің 4 түрі көрсетіледі: құжаттар топтамасын қалыптастырып, кейіннен дайын құжатты беру; санаттар бойынша автоматтандырылған электрондық алаңда сынамалық практикалық емтихан өткізу қызметтері; мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жеке және (немесе) кешенді қызмет көрсетуді жүзеге асыру қызметтері (автокөлік құралын есепке алу және есептен шығару); Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге ЖСН қалыптастыру бойынша жеке қызмет көрсету. 2023 жылғы ақылы қызметтерге қатысты жоспар 141%-ға орындалды: жоспар бойынша 476 372,72 мың теңге, орындалуы 671 039,36 мың теңгені құрады.

Бірыңғай байланыс орталығы

Бірыңғай байланыс орталығы (*бұдан әрі - ББО*) өз қызметін 2011 жылғы қараша айында «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқаруымен бастады. 2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 1 ақпандағы № 27 қаулысына сәйкес ББО функциялары Мемлекеттік корпорацияға берілді (*Анықтамалық: қазіргі уақытта аталған қаулының күші жойылды және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 16 мамырдағы № 177/НҚ бұйрығы қолданылады*).

ББО жұмысы халыққа мемлекеттік қызметтерді алу, оларды көрсету сапасы жөнінде шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау бойынша кеңес беруге, оның ішінде ХҚКО-да қызмет көрсетуге, «Электрондық үкімет» порталының (*бұдан әрі - eGov*) сервистері, «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы» және «е-Өтініш» ақпараттық жүйелері бойынша кеңес беруге бағытталған. ББО сондай-ақ денсаулығының шектелуіне байланысты ерекше қажеттіліктері бар адамдарға үйде қызмет көрсетуге өтінімдерді қабылдауды жүзеге асырады.

ББО желісіне жүгінген кезде азаматтар салық және кеден мәселелері, әлеуметтік сақтандыру және медициналық көмек, автокөлік құралдарын заңдастыру, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша қосымша кеңес алады.

2023 жылы жалпы саны 535 адамнан тұратын ББО бөлімдері Астана, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Петропавл, Тараз, Шымкент - 7 қалада жұмыс істеді. ББО қызметкерлері дауыстық және дауыстық емес (онлайн чат, электрондық пошта) байланыс арналары, бейне қоңыраулар (виртуалды ассистенттер) бойынша кеңес береді. Сондай-ақ ББО «ХҚКО» мобильдік қосымшасы арқылы бейнебайланыс форматы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсетеді, қосымша мобильдік қосымша операторлары ретінде Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің 26 жұмыскері тартылды.

2023 жылы ББО 29,3 млн. астам өтінішті қабылдап өңдеді (2022 жылы – 23 млн.). ББО жұмысында келесі нәтижелер қамтамасыз етілді:

желідегі қоңырауларды күтудің орташа уақыты - 20 секунд (2022 жылы - 20 секунд);

мәзірден кейін жоғалған қоңыраулардың пайызы және 30 секунд күту - 2,9% (2022 жылы – 2,8%);

пайдаланушының қанағаттануы, яғни бес балдық шкала бойынша ағымдағы күнге пайдаланушының орташа бағасы 4,84 баллды құрайды (2022 жылы – 4,84).

1414 желісіне бірнеше рет жүгінген көрсетілетін қызметті алушылардың қоңырауларына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Көрсетілетін қызметті алушының бірінші жүгінуінен шешілген мәселелердің үлесін 86,5%-ға дейін ұлғайту қамтамасыз етілді (FCR - First Call Resolution көрсеткіші), ал 2022 жылы FCR 85% құрады.

2023 жылдың қазан айынан бастап ББО базасында отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі «111» байланыс орталығы (бұдан әрі – 111 Байланыс орталығы) жұмыс істейді.

111 Байланыс орталығының міндеттері азаматтарға алдын ала психологиялық, заңгерлік және консультациялық көмек көрсету жолымен отбасындағы, әйелдер мен балалардың құқықтарын бұзу фактілерінің туындауын болдырмау, отбасындағы, әйелдер мен балалардың құқықтарын бұзудың жасалған фактілері бойынша консультациялық көмек көрсету, отбасындағы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттерді шешу үшін барлық мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарды біріктіру болып табылады.

ЦДИАӨМ, «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігі мен Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл арасында Отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша тәулік бойы тегін ұлттық желінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі келісілген іс-шараларды іске асыру туралы меморандум жасалды.

Астана қаласы Керей, Жәнібек хандар көшесі, 4 мекенжайы бойынша 31 қызметкер орналастырылған.

2023 жылы 111 Байланыс орталығының қызметкерлері 21,3 мың өтініш қабылдап, өндеген, желідегі қоңырауларды күтудің орташа уақыты 22

секундты, мәзірден кейін жоғалған қоңыраулардың пайызы және 30 секундтық күту – 1% құрады.

Өтініштердің құрылымы құқықтық сипаттағы мәселелерден тұрады (20,9%), ақпараттық сұранымдар (20.5%), білім беру мәселелері (11,1%), психологиялық әл-ауқат (9%), зорлық-зомбылық және қатыгездік (6,5%).

Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру

Әлеуметтік салада Мемлекеттік корпорация 22 мемлекеттік қызметтің төлемдерін ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетеді, олар бойынша төлемдердің 45 түрі есептеледі - 38 республикалық бюджеттен, 5 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан әрі – МӘСҚ) және 1 жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) қаражатынан - атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - АӘК) төлеу. Сондай-ақ, 2023 жылдан бастап Мемлекеттік корпорация пилоттық режимде ЖАО қаражатынан 7 төлем түрін жүзеге асырады. Барлығы 52 төлем түрі жүргізіледі.

2023 жылы 1 946 568 мемлекеттік қызмет көрсетілген (2022 жылы – 1 821 284). Оның ішінде 1 044 771 қызмет (2022 жылы - 1 072 952) республикалық бюджеттен төлемдер тағайындау бойынша, 901 797 қызмет (2022 жылы - 748 332) МӘСҚ қаражатынан төлемдер тағайындау бойынша көрсетілген.

Төлем түрлері бөлінісінде көрсетілген қызметтер бойынша ақпарат:

	Мемлекеттік қызмет түрлері	2023 ж.	2022 ж.
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ			
1	Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау	117 370	116 904
2	Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау	127 658	127 764
3	Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау	47 338	47 558
4	Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау	17 365	33 595
5	Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау	8	30
6	Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындау	15 257	14 674
7	Баланың тууына және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау	404 564	435 529
8	1-топтағы мүгедектің күтімі бойынша жәрдемақы	5 999	-
9	Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау	19 206	32 986
10	Жерлеуге біржолғы төлем тағайындау	91 064	95 367
11	Банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалар қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түрінде әлеуметтік көмекті тағайындау	38	40
12	Инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемі (мемлекеттік кепілдік)	116 648	81 861
13	«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы»	12 357	11 976

	ордендерімен наградталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау		
14	Көпбалалы отбасына жәрдемақы тағайындау	66 691	69 597
15	Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру	3 208	5 071
	Жиыны:	1 044 771	1 072 952
МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ			
16	Асыраушысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем	7 528	7 524
17	Жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлем	233 643	116 281
18	Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем	22 918	23 861
19	Жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем	303 586	265 179
20	Жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылу жағдайларына арналған әлеуметтік төлем	334 122	335 487
	Жиыны:	901 797	748 332

Ескерту:

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері және АӘК төлемдері бойынша мемлекеттік қызметтерді қабылдау Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілмейді. Мемлекеттік корпорация көрсетілген қызметтер бойынша төлемді ұйымдастыру бөлігіне қатысады.

Статистика:

АӘК-1 083 100 (2022 жылы – 821 552).


БЖЗҚ-дан төлем – 123 118 (2022 жылы – 124 754).

Бэк-офистер Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистері, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері (бұдан әрі - МӘС), жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі – ЖҚӘББ), «электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі – eGov), Электрондық еңбек биржасы (бұдан әрі - ЕҢБЕК), сыртқы платформалар (Kaspi Bank, Halykbank) арқылы берілген өтініштерді өңдейді.

Есептік кезеңде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дан (бұдан әрі - БЖЗҚ) үш мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша бір өтініш негізінде (жасына байланысты зейнетақы, базалық зейнетақы төлемі және БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсетілді - 123 118 (тіркелген электрондық өтінімдер саны) (2022 жылы – 124 754).

Проактивтік тәсілмен (көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз қызмет көрсету) 633 686 қызмет көрсетілген (2022 жылы – 566 424).

Құжаттардың түсу көздері бөлінісіндегі ақпарат:



Осылайша, әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру саласында көрсетілген қызметтердің жалпы санының 57% Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистері арқылы, проактивті - 32,6%, сыртқы платформалар арқылы – 9,8%, ЕҢБЕК – 7,4%, eGov – 6,1%, ЖҚӘББ – 0,7%, МӘС – 0,4% көрсетіледі.

ЖАО қаражатымнан 1 410,85 млн. теңге сомасында 33 548 әлеуметтік көмек төлемі жүргізілді (қызмет 3 өңірде көрсетіледі):

Павлодар облысы - 1 015,3 млн сомасында 23 778 төлем;

Астана қ. - 6 369 төлем 258,2 млн.;

Алматы қ. – 3 401 төлем 137,4 млн.

2023 жылы Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік саласындағы қаржы ағындарының жалпы көлемі 9 132,64 млрд.теңгені құрады (2022 жылы – 7 419,3 млрд.). Бұл ретте 2023 жылғы кірістер жоспары келесі тәртіппен орындалды: ҚР ЕХӘҚМ – 99,4% (жоспар – 18 693 619,04 мың теңге / факт – 18 578 904,0 мың теңге), ҚР ДСМ - 99,9% (жоспар – 637 486,45 мың теңге / факт - 637 049,00 мың теңге), екінші деңгейдегі банктерге көрсетілетін қызметтер - 90% (жоспар - 1 170 700,10 мың теңге / факт - 1 055 689,70 мың теңге), БЖЗҚ - 88% (жоспар – 658 293,51 мың теңге / факт – 577 612,67 мың теңге).

Әлеуметтік блок желісі бойынша 2022 жылғы фактімен салыстырғанда бас тартулар мен пысықтауға қайтарулар саны бойынша көрсеткіштер жақсарды. Егер 2022 жылы 54 512 бас тарту және пысықтауға 297 047 қайтару болса, 2023 жылы – 44 799 бас тарту және 174 188 қайтару, яғни бас тартудың 17,8% төмендеуі және қайтарудың 41,3% төмендеуі байқалады.

2023 жылы Әлеуметтік-еңбек мәселелері жөніндегі байланыс орталығына жеке және заңды тұлғалардан 1 324 352 өтініш келіп түсті, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштерден 33%-ға артық (2022 жылы - 994 292). Оның ішінде: 1 225 103 телефон арқылы (2022 жылы – 937 587); Livechat арқылы TelegramEgovKzBot2.0 мессенджерінде әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері бойынша – 99 249 (2022 жылы – 56 705) өтініштер келіп түсті.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында есептік жылы 2 352 568 (2021 жылы – 2 430 304) қызмет көрсетілді, оның ішінде:

жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу – 1 237 187 (2022 жыл – 1 248 014), бұл жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу желісі бойынша көрсетілетін қызметтердің жалпы санының 50,3%-ын құрайды;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу – 1 053 142 (2022 жылы -1 122 155), бұл қызметтердің жалпы санының 47,1% құрайды;

құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру – 42 735 (2022 жылы – 41 437), бұл қызметтердің жалпы санының 1,8%-ын құрайды;

ақпараттық қызметтер – 19 504 (2022 жылы – 18 698), бұл қызметтердің жалпы санының 0,8% құрайды.

Осылайша, есептік кезеңде 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда көрсетілген мемлекеттік қызметтер санының 77 736 бірлікке немесе 3,1%-ға азаюы байқалады.

Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер саны:

Филиалдар	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу		Жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық тіркеу		Құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру		Ақпараттық қызметтер	
	2023	2022	2023	2022	2023	2022	2023	2022
Астана қ.	82 470	104 671	191 702	150 715	1 026	1 272	1 525	1 735
Алматы қ.	84 729	97 852	179 517	161 715	2 248	2 323	2 214	2 291
Шымкент қ.	61 836	66 486	45 712	50 433	2 563	3 157	351	125
Абай облысы	40 238	15 526	25 073	10 218	1 411	555	583	135
Ақмола облысы	62 269	64 355	40 727	47 954	1 741	1 750	569	551
Ақтөбе облысы	72 752	71 134	36 445	48 365	2 247	2 074	643	823
Алматы облысы	92 438	115 467	92 928	111 623	3 834	3 906	778	984
Атырау облысы	42 441	44 886	26 958	33 047	989	872	57	273
Шығыс Қазақстан облысы	55 318	83 595	45 716	67 390	2 380	2 970	536	1 257
Жамбыл облысы	61 948	57 189	32 106	35 995	2 987	2 759	507	581
Жетісу облысы	51 114	16 894	25 495	10 005	1 370	504	75	27
Батыс Қазақстан облысы	81 824	51 089	29 600	36 189	1 503	1 491	86	37
Қарағанды облысы	72 198	78 622	64 916	97 248	2 464	2 871	5 600	3 836
Қостанай облысы	63 052	68 289	33 732	42 264	2 482	2 301	1 110	1 546
Қызылорда облысы	24 901	41 308	16 495	23 739	1 356	1 249	150	165
Маңғыстау облысы	42 978	48 156	52 348	70 487	1 628	1 547	189	143
Павлодар облысы	56 802	54 106	32 927	38 160	2 587	2 606	3 005	2 757
Солтүстік Қазақстан облысы	54 837	55 647	22 294	24 915	2 024	2 077	941	935
Түркістан облысы	116 731	107 018	46 973	56 487	5 511	4 974	345	426
Ұлытау облысы	16 311	5 724	11 478	5 206	384	179	240	71
Жиыны	1 237 187	1 248 014	1 053 142	1 122 155	42 735	41 437	19 504	18 698

Мемлекеттік қызметтер бойынша бас тартулар саны 2022 жылғы фактімен салыстырғанда 12,3%-ға төмендеді: 2023 жылы – 9 840 бас тарту, 2024 жылы – 11 224.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуден 2023 жылғы кірістер жоспары 83%-ға орындалды: жоспар бойынша 6 597 214,53 мың теңге болған, нақты орындалуы 5 504 008,09 мың теңгеге.

Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру

2023 жылы жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру желісі бойынша 488 329 (2022 жылы – 471 248) қызмет көрсетілген, оның

ішінде eGov - 115 218 (2022 жылы - 80 843).

Қызмет түрлері бойынша көрсетілгені:

ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу (пайдалануға беру актісі) – 71 707 (2022 жылы – 87 138), оның ішінде eGov арқылы – 19 315 (2022 жылы - 19 571);

жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру (техникалық паспортпен қорытынды беру) – 294 751 (2022 жылы – 375 789), оның ішінде eGov арқылы – 94 971 (2022 жылы – 59 858);

жылжымайтын мүлікке техникалық паспорттың телнұсқасын беру – 6 668 (2022 жылы – 9 080), оның ішінде eGov арқылы – 934 (2022 жылы – 1 414).

Осылайша, есептік кезеңде 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда көрсетілген мемлекеттік қызметтер санының 17 081 бірлікке немесе 2,3%-ға азаюы байқалады.

2023 жылы бас тартулар саны 10 100, 2022 жылы – 9 978, 1,2%-ға төмендеді.

2023 жылғы кірістер жоспары 99% орындалды (жоспар – 7 422 918,28 мың/тенге / факті бойынша – 7 356 077,07 тыс.тенге).

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

2023 жылы заңды тұлғаларды тіркеу желісі бойынша 223 346 қызмет көрсетілді (2022 жылы – 212 275), оның ішінде мемлекеттік қызметтер – 114 640 (2022 жылы – 109 531), ақпараттық қызметтер – 35 890 (2022 жылы - 40 782). Бұл ретте eGov арқылы 48 195 мемлекеттік қызмет (2022 жылы – 48 275), фронт-офистер арқылы - 54 391 мемлекеттік қызмет (2022 жылы – 46 041), кеңсе арқылы - 12 054 (2022 жылы - 15 215) көрсетілді. Осылайша, қызметтердің жалпы санының 5%-ға, мемлекеттік қызметтерге қатысты 4,5%-ға ұлғаюы байқалады.

т/б №	Мемлекеттік қызметтің атауы	2023 год	2022 год	%
1	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, оның ішінде:	43 350	45 912	-5,6
	кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама (шағын кәсіпкерік субъектілері үшін)	39 287	36 770	-11,7
	коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу	5 901	5 856	+0,8
	олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу	679	769	-11,7
2	Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу, оның ішінде:	45 066	36 790	+18,4
	атауын өзгерту	8 539	6 442	+24,5
	жарғылық капиталдың мөлшерін азайту	1 194	1 359	-12
	қатысушылар (құрылтайшылар) құрамының өзгеруі	35 333	28 989	+18
3	Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары	1 636	1 162	+29

	(өкілдіктеі) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу, оның ішінде:			
	орналасқан жері өзгерту	979	697	+29
	жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайларда үргізіледі	657	465	+29
4	Заңды тұлғаның қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару, оның ішінде:	24 586	25 665	-4,2
	таратудың негізі бойынша заңды тұлғаның қызметін тоқтату	12 473	10 395	+16,6
	мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорынның қызметін тоқтатуды тіркеу	59	55	+6,8
	мәжбүрлеу тәртібімен қызметті тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі	12 054	15 215	-20,7
5	Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру	2	2	
6	Тіркеу органы куәландырған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру	416	726	-43
7	Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу және өзге де мәліметтерін өзгерту мен толықтырудың хабарлама жасау тәртібі, оның ішінде:	72 400	61 236	+15,4
	заңды тұлғаның орналасқан жерін өзгерту	30 334	27 392	+9,7
	басшыны өзгерту	28 773	23 252	+19,2
	құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	1 533	1 701	-9,9
	жарғылық капитал үлесін сенімгерлік басқаруға беру	345	562	-38,6
	шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталын ұлғайту	3 310	2 919	+11,8
	экономикалық қызметтің негізгі түрінің өзгеруі	2 886	4 038	-28,5
	өзге де қызметтер	5 219	1 372	+73,7

Заңды тұлғаларды тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу желісі бойынша бас тартулар саны көрсетілген мемлекеттік қызметтердің 9 417 құрады (2022 жылы - 12 619 немесе). Осылайша, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда сәтсіздіктер санының 25,4%-ға азаюы байқалады.

Бас тартудың негізгі себебі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР Заңының 16, 16-1-баптарында көзделген заңды тұлғаларды тарату және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден шығару кезінде салық міндеттемелері бойынша берешектің болуы болды.

Өңірлер бөлінісінде ең көп бас тартулар саны келесі филиалдарда болды: Алматы қаласы – 3 409, Астана қаласы – 2 935 және Қарағанды облысы - 634. Ең аз бас тартулар саны келесі облыстар бойынша филиалдарда болды: Солтүстік Қазақстан - 29, Ұлытау – 65, Қызылорда - 69.

2023 жылғы кірістер жоспары 95% орындалды: жоспар бойынша 346 530,24 мың теңге, нақты орындалуы 328 189,94 мың теңге..

Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу (АХАТ)

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Мемлекеттік корпорация АХАТ функцияларын табысты іске асыруда.

Әділет министрлігіне нормативтік-әдіснамалық қамтамасыз ету, азаматтық хал актілерінің тіркелуін бақылау және тиісті деректер базаларының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бекітілген.

АХАТ қызметкерлерінің штаттық саны 704 бірлікті құрайды.

Республика бойынша АХАТ-тың 225 аудандық және қалалық бөлімдері бар, олар Мемлекеттік корпорацияның орынжайларында орналасқан – 122 бөлім, ЖАО - 84, жалға алынған орынжайларда - 22. 35 Неке сарайы мен салтанат залдары жұмыс істейді.

АХАТ функцияларын Мемлекеттік корпорацияға ауыртпалықсыз беру ЖАО-мен бірлесіп жоспарланған және ұйымдастырылған жұмыстың арқасында болды.

2023 жылы АХАТ 655 984 мемлекеттік қызмет көрсетілді (ХҚКО – 269 665, АХАТ бөлімдері – 152 313, eGov – 234 006).

Мемлекеттік қызметтер бөлінісінде:

т/б №	Мемлекеттік қызметтің атауы	Саны
1	Тууды тіркеу	228 409
2	Неке қиюды тіркеу	67 700
3	Некені бұзуды тіркеу	13 884
4	Қайтыс болуды тіркеу	50 895
5	Қалпына келтіру	8 048
6	Қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру	177 202
7	Өзектендіру	109 229
8	Күшін жою	617

Бас тарту саны 33 629 немесе 5% құрады. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушылардың өздерінің келмеу себебінен (мысалы, неке қию үшін) және/немесе туу мен қайтыс болуды тіркеуге бірнеше рет өтініштерден бас тартудың 40%-ы.

2023 жылдың 6 айында 572 672 420,44 теңге сомасына кірістер алынды.

Жартыжылдық ішінде АХАТ қызметтерін көрсету бойынша мемлекеттік сатып алу шеңберінде шарттық міндеттемелер орындалды.

2023 жылдың қазан айынан бастап Мемлекеттік корпорацияда АХАТ қызметтерін коммерцияландыруды енгізу жобасы іске асырылуда.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу

2023 жылы филиалдар барлығы – 28 072 қызмет көрсеткен (2022 жылы – 38 906), оның ішінде:

міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу - 9 628 (2022 жылы -21 232);

міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркегені үшін куәлік берілді – 18 444 (2022 жылы – 17 674).

Осылайша, есепті кезеңде 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда

көрсетілген мемлекеттік қызметтер санының 10 834 қызметке немесе 27,8%-ға азаюы байқалады.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу

2023 жылы жер кадастрын жүргізу саласында 456 938 мемлекеттік қызмет көрсетілді (2022 жылы – 502 934), оның ішінде:

жер учаскелеріне актілерді дайындау және беру – 334 644 (2022 жыл – 360 884);

жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау – 33 004 (2022 жылы – 35 494);

жер учаскесінің сапалық жағдайы туралы мәліметтер беру – 556 (2022 жылы – 299);

жобаланатын жер учаскесін мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісімдеу – 88 734 (2022 жылы – 106 257).

2023 жылдың нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартулар 79%-ға артты: 2023 жылы 4 023 бас тарту, 2022 жылы - 3 179 бас тарту берілген.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетімен (бұдан әрі – ЖРБК) жасалған 2023 жылғы 1 ақпандағы № 2 Шартқа сәйкес мемлекеттік жер кадастрын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде Мемлекеттік корпорация келесі көлемде жұмыстарды орындап, тапсырды:

т/б №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	2023 жылға жиыны	2022 жылға жиыны
			көлемі	көлемі
	Іздестіру түрлері бойынша			
1	Топырақ зерттеу	мың га	5 800,00	5 600,00
2	Геоботаникалық зерттеу	мың га	7 600,00	6 000,00
3	Жерді мемлекеттік есепке алу	мың га	272,5	272 490,2
4	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы топырақ бонитетін айқындау	мың га	3 000,6484	4 506,07
5	Шаруа қожалықтарын паспорттау	мың га	-	-
6	Жерді паспорттау үшін топырақ материалдарын жаңарту	мың га	-	-
7	Паспорттау мақсатында топырақ бонитетін айқындау	мың га	-	-
8	Жер мониторингін жүргізу	мың га	8 000,00	10 000, 00
9	Электрондық түрде топырақ карталарын жасау	мың га	5 800,00	5 600,00
10	Электрондық түрде геоботаникалық карталар жасау	мың га	7 600,00	6 000,00
	МЖК ААЖ бойынша			
11	Есептік кварталдардың электрондық жер-кадастрлық карталарын жасау	есептік тоқсан	150	150

12	МЖК ААЖ деректер базасын өзектендіру	уч.	-	-
13	Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтерін беру	дана	-	-
14	«Архив» МЖК ААЖ кіші жүйесін пайдалана отырып, жер-кадастрлық істерді сканерлеу	іс	110 000	110 000

Жұмыстарды орындау үшін жұмылдырылғаны:

Мемлекеттік корпорацияның 21 филиалы;

филиалдардың 600 қызметкері;

161 дала бригадасы және автомобиль көлік құралдары;

топырақ талдауын орындау үшін республика бойынша (Алматы, Атырау және Маңғыстау облыстары, Алматы және Шымкент қалалары бойынша филиалдардан басқа) 13 аттестатталған зертхана.

2023 жылғы кіріс жоспары 16 854 648,85 мың теңгені құрады, 16 582 393,34 мың теңгеге немесе 98%-ға орындалды. Оның ішінде: монополиялық қызмет (мемлекеттік қызметтер) түрлерінен түсетін кіріс: жоспар - 6 659 414,03 мың теңге, факті - 6 566 388,32 мың теңге немесе 99%; монополиялық емес қызметтерден түсетін кіріс: жоспар – 10 195 234,82 мың теңге, факт - 10 016 005,02 мың теңге немесе 98%.

2.2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру

Мемлекеттік корпорация орталық мемлекеттік органдармен тең дәрежеде Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына кіреді (*бұдан әрі - ВАК*).

2023 жылы ВАК-тың 10 отырысы өткізілді, онда Мемлекеттік корпорация мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірлеген 25 мемлекеттік қызметті оңтайландыру жөніндегі ұсыныстар қаралды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру мақсатында Мемлекеттік корпорацияда жобалау қызметі жүргізіледі. 2023 жылы 50 жоба бойынша оларды іске асырудың түрлі мерзімдерімен жұмыс жүргізілді.

Есептік кезеңде Мемлекеттік корпорацияның қызметі бойынша келесі жобалар да іске асырылды:

Фронт-офистердің қызметі бойынша жобалар:

1) Республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және 9 өңірде-Абай, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарында Мемлекеттік корпорацияның 31 фронт-офисі жаңғыртылды. Жаңғырту ХҚКО инфрақұрылымына, қызмет көрсету сервисіне, сондай-ақ ХҚКО аббревиатурасының жаңадан толық жазылуы – Халыққа арналған цифрлық кеңсеге қатысты болды.

Жаңа ХҚКО-лар брендбүгі «Кайдзен» қағидаттары бойынша әзірленді, оған сапаны, технологияларды, процестерді, корпоративтік мәдениетті, еңбек өнімділігін, сенімділікті, көшбасшылықты және компания қызметінің басқа да компоненттерін үнемі жақсарту қамтылады.

Жаңғыртылған ХҚКО-ларда үй-жайды аймақтарға бөлу «қызмет

неғұрлым жылдам болса, соғұрлым ол шығуға жақын болады» қағидаларын ескере отырып, қызмет түрлері бойынша жүргізілді: электрондық қызметтерді өз бетінше алуға арналған байланыс аймағы, онда смартфондар арқылы қызмет алу дағдылары да оқытылады; 5-10 минутқа дейін қабылданатын қызметтер үшін жылдамдық аймағы (мысалы, ЭЦҚ беру, АХАТ қызметтері); әлеуметтік қызметтер аймағы; қызметті оператордан да, құжаттандыру терминалы арқылы да алуға болатын құжаттандыру аймағы (Астанадағы пилоттық жоба); қағаз нысанындағы қызметтерді қабылдауға арналған жайлылық аймағы. Әр аймақтың өзіндік түс схемасы бар, әр аймақтың түстер бойынша өзіндік күту аймағы бар.

Дайын құжаттарды тәулік бойы беру үшін жаңғыртылған ХҚКО-ларда постапаттар орналастырылған - Керей, Жәнібек хандар көшесіндегі елордалық ХҚКО-да постапатта 64 ұяшыққа және еліміздің 9 өңірінде 14 постапат. Постапаттарды енгізу құжаттарды беру секторында азаматтардың жиналып қалуын азайтуға және құжаттарды беру бойынша қағаз тізілімдерін жүргізуді болдырмауға мүмкіндік берді.

2) Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қағаз айналымын болдырмау мақсатында, 2022 жылғы сәуір айында іске қосылған «Қағазсыз ХҚКО» жобасын іске асыру жалғастырылды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 45 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша өтініштердің электрондық бланкілері және 50 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша sms нәтижелер іске асырылды. Сонымен 2022 жылдың нәтижелері ескеріле отырып, төмендегілер электрондық бланкке ауыстырылды:

- 339 қызмет түрі бойынша қағаз қолхаттар немесе ХҚКО арқылы көрсетілетін қызметтердің жалпы санының 85% (*2 жыл ішінде 99 млн. теңгеден астам сомаға 23 млн. астам қағаз парағын үнемдеу*);

- 126 қызмет түрі бойынша өтініштердің қағаз бланкілері немесе оларды электрондық форматқа ауыстыра отырып 37% (*2 жыл ішінде 81 млн. теңгеден астам сомаға 17 млн. астам қағаз парағын үнемдеу*);

- мемлекеттік қызмет көрсету туралы sms хабарлама сервисін ұсына отырып, 83 қызмет немесе 13% бойынша қызмет көрсету нәтижелерінің қағаз нысаны (*2 жыл ішінде 22 млн. теңгеден астам сомаға 4,7 млн. астам қағаз парағын үнемдеу*).

3) 2022 жылдың мамыр айында Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Ақтау және Жаңаөзен қалалары бойынша іске қосылған, Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің жұмыскерлерімен 6 құжаттандыру коды бойынша азаматтарды құжаттандыру жөніндегі жоба еліміздің барлық өңірлері бойынша таратылды. Нәтижесінде Көші-қон полициясы қызметкерлеріне жүктемені 40%-ға төмендетіп, қызметті күту кезегін қысқартуға мүмкіндік туды. Барлығы 2 млн. астам қызмет көрсетілді, оның ішінде 960 мыңнан астамын ХҚКО жұмыскерлері көрсеткен.

4) Мамандандырылған ХҚКО қызметін жақсарту үшін, 2023 жылғы шілде айында ҚР Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген Емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына түзетулер енгізілді. Бұйрыққа сәйкес, емтихандарды қабылдау рәсімдерін ұйымдастырушылық-технологиялық сүйемелдеуді

Мемлекеттік корпорация жүзеге асыруда. Осыған байланысты, Мемлекеттік корпорация 2023 жылғы 16 қазаннан бастап Мамандандырылған ХҚКО емтихан сыныптарында өз инфрақұрылымына толығымен көшті.

Көрсетілген түзетулерге сәйкес, емтихан прокторингі автоматтандырылған функциясы бар (аудиоағынды, бейне ағыныу сканерлеу, биометрия, бетті тану) «ЖҚЕ 3.0» бағдарламалық қамтсksvs әзірленді. Жоба 90 емтихан сыныбында іске қосылды.

Емтиханды жүйеде үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) тапсыруға болады. Бейнебақылау жүйесінің арқасында Мамандандырылған ХҚКО күту залдарының экрандарында теориялық емтиханнан өту процесі көрсетіледі. Сондай-ақ YouTube-те көру үшін емтихан сабақтарының онлайн трансляциясы іске асырылған.

Мамандандырылған ХҚКО-да теориялық және практикалық емтихандарды тапсыру үшін, <https://booking.gov4c.kz/> электрондық кезекті алдын ала брондау жүйесі енгізілді. Бұл жүйе Мемлекеттік корпорацияның деректер базасымен интеграцияланған, бұл қажетті деректерді автоматты түрде енгізу есебінен электрондық кезекті тез және ыңғайлы ресімдеуге мүмкіндік береді. Брондау жүйесі арқылы енгізілген маңызды өзгеріс датчиктерді С, С1, D және D1 санаттарынан жоғары сұраныс байқалатын В санатына қайта бөлу болып табылады. Бұл үміткерлер үшін күту уақытын едәуір қысқартып, практикалық емтиханды тапсыру процесінің қолжетімділігі мен ыңғайлылығын арттырды. Бұдан басқа, жүйе қолайсыз ауа райы жағдайларына немесе техникалық іркілістерге байланысты жағдайларда sms арқылы брондауды ауыстыру туралы хабарламаларды жіберуді көздейді.

Мамандандырылған ХҚКО күту залдарында табло экрандарында жүйедегі ақаулар туралы ақпарат таратылады. Бұл шара клиенттерге жүйенің ағымдағы жағдайы туралы нақтырақ және егжей-тегжейлі мәліметтер алу үшін енгізілген.

Көрсетілетін қызметті алушыларға ыңғайлы болу үшін Астана, Алматы, Қызылорда қалалары бойынша Мамандандырылған ХҚКО секторларында онлайн ресімделген құжаттарды беру іске асырылды.

5) 2021 жылғы қараша айында іске қосылған «ХҚКО» мобильді қосымшасы» (бейне-ХҚКО) пилоттық жобасы 2023 жылы одан әрі дамыды. Көпарналы байланыс арнасы бойынша ББО операторларының бейне-ХҚКО сервисі арқылы көрсетілетін қызметтерінің саны 79-ға дейін ұлғайтылды, оның ішінде «Жүргізуші куәлігін беру» мемлекеттік қызметін бастапқы тіркеу» қызметі іске асырылды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша мобильді қосымша арқылы 299 891 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, 547 782 бейне қоңырау қабылданған. 2023 жылғы 31 желтоқсан бойынша қосымша 317 186 пайдаланушыда орнатылған.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен Мемлекеттік корпорацияның мобильдік қосымшасы Мемлекеттік корпорациямен бейнебайланыс арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету үшін ақпараттандыру объектісі болып танылғанын атап

өткен жөн.

б) 2023 жылғы наурыз айында Астана қаласының № 2 ХҚКО-да ҚР ЦДИАӨМ және ҚР ІІМ басшылары үшін жеке куәліктер мен паспорттар беру бойынша автоматтандырылған терминалдың жұмысы көрсетілді, сондай-ақ автоматтандырылған терминалдар арқылы азаматтарды құжаттандыру жөніндегі пилоттық жобаны іске қосу туралы бірлескен бұйрыққа қол қойылды.

Келесі ақпараттық жүйелермен интеграция бойынша жұмыстар жүргізілді:

«Мобильді азаматтар базасы» - мемлекеттік органдар үшін жеке тұлғалардың телефон нөмірлерін көрсету үшін;

ҚР ЕӘҚММ - адамдардың жеңілдікті санатының әлеуметтік жеке кодын тексеру үшін;

«Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы» - жеке тұлға туралы дербес мәліметтер, тұрақты және уақытша тіркеудің мекенжай мәліметтері, жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, хабар-ошарсыз кеткен, алып тастау (шартты түрде алып тастау) туралы, «анықтаудан, тергеуден, соттан және жазаны өтеуден жасырынып жүргендер» туралы мәліметтер бөлігі бойынша.

Құжаттандыру процесі бойынша Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру жүргізілді, терминалмен жұмыс істеу бойынша нұсқаулық әзірленді және ХҚКО жұмыскерлерімен оқыту жүргізілді.

«2-де 1» сервисі (жеке куәлік + паспорт) әзірленіп, қосылды.

Республикалық маңызы бар екі қалада 15 терминал орнатылды: Астана қаласында – 10 терминал, Алматы қаласында – 5 терминал.

2023 жылдың 10 айында терминалдар арқылы 20 829 қызмет көрсетілді.

ББО жобалары:

2023 жылдың қазан айында «111 Байланыс орталығы» жобасы іске асырылды.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауы шеңберінде, Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастыру мақсатында, ҚР ЦДИАӨМ «АМАНАТ» партиясымен және Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша 111 Байланыс орталығын ұйымдастырды.

ҚР ЦДИАӨМ 2023 жылғы 2 қазанда № R23034117 бұйрығымен Мемлекеттік корпорацияға Байланыс орталығын ұйымдастыру үшін «111» қысқа нөмірі бөлінген. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 12 қазандағы № 901 қаулысымен отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша 111 Байланыс орталығы Байланыс қызметтерін пайдаланушылар үшін қосылу тегін болып табылатын шұғыл медициналық, құқық қорғау, өрт, авария және басқа да қызметтердің тізбесіне енгізілді.

111 Байланыс орталығының қызметкерлері азаматтарға ақпараттық-анықтамалық кеңес, психологиялық көмек көрсетеді, келіп түскен өтініштер бойынша орталық мемлекеттік органдарды, жергілікті атқарушы органдарды хабардар етеді және азаматтарға өтініштердің орындалу дәрежесі туралы ақпарат береді.

111 Байланыс орталығының білікті мамандары тәулік бойы, үзіліссіз, демалыс және мереке күндерінсіз қызмет көрсетеді, өмірлік қиын жағдайда отбасыларға көмектесу үшін жедел топтармен тәулік бойы, үзіліссіз, демалыс және мереке күндерінсіз тікелей байланыста болады.

111 Байланыс орталығының қызметінің әлеуметтік әсері жоғары, бұл:

1. Азаматтарға профилактикалық психологиялық, заңгерлік және консультациялық көмек көрсету арқылы отбасында, әйелдер мен балаларда құқықтардың бұзылу фактілерінің басталуын болдырмау.

2. Отбасында, әйелдер мен балалардың құқықтарының бұзылу фактілері бойынша консультациялық көмек.

3. Отбасындағы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттерді шешу үшін барлық мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарды біріктіру.

Отбасы құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің, әйелдер мен балалардың құқықтарының бұзылуына қатысты өтініштерді жедел қарау жөніндегі іс-қимылдарды үйлестіруді мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер және 111 Байланыс орталығы Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкілдің қатысуымен жүргізеді.

Орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың функцияларына 111 Байланыс орталығының ақпараты негізінде жедел шаралар қабылдау және 111 Байланыс орталығына өтініштерді шешу туралы кері ақпарат беру кіреді.

Әлеуметтік блок қызметінің негізгі бағыттары бойынша жобалар:

1) «Е-макет» ААЖ-да электрондық іс макеттерін (*бұдан әрі - ЭИМ*) және нақты көлемдегі жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі шешімдерді автоматты түрде қалыптастыру іске асырылды. Жоба 2022 жылы жәрдемақылардың 2 түрін автоматты түрде қалыптастыру нәтижесімен басталған. 2023 жылы жоба жалғасып, жәрдемақылардың тағы 10 түрі бойынша автоматты түрде қалыптастыру жүзеге асырылды. Барлығы - 12 түрлі жәрдемақы.

Автоматты түрде қалыптастыру жәрдемақы тағайындауға құқық беретін мән-жайлар туындаған кезде көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен тиісті мәліметтерді алу арқылы жәрдемақы автоматты түрде тағайындалады, яғни жәрдемақы проактивті түрде (өтінішсіз) тағайындалаып, автоматты түрде қалыптастырылады дегенді болжайды.

Есептік жылы зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуге байланысты процестерді цифрландыру шеңберінде, қызметтер көрсетудің бизнес-процесіне келесі өзгерістер енгізілді:

11 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің ЭИМ және электрондық шешім жобаларын қалыптастыру функциясы алынып тасталды;

4 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша тағайындау жөніндегі уәкілетті органның қатысуынсыз жәрдемақыны автоматты түрде тағайындауға көшу жүзеге асырылды;

2 мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша «Орталықтандырылған деректер базасы» АЖ-да төлеуге тағайындау жөніндегі уәкілетті органның шешімін автоматты түрде қою іске асырылды.

2023 жылы көрсетілетін қызметті алушының қатысуынсыз барлығы 503 063 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

2) Микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жұмыс берушілер үшін бірыңғай төлем енгізілді.

Салық кодексінің 776-б-бабына сәйкес, бірыңғай төлем шеңберінде Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік монополияға жататын келесі қызмет түрлері бекітілді:

жеке сәйкестендіру нөмірі негізінде бірыңғай төлем төлеушілердің дербестендірілген есебін жүргізу және өзектендіру;

салық агентінің орналасқан жері бойынша БЖЗҚ, МӘСҚ, ӘМСҚ және тиісті бюджетке бірыңғай төлем сомасын бөлу және аудару;

бірыңғай төлемнің қате (артық) төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асыру.

2023 жылы Мемлекеттік корпорация бірыңғай төлем шеңберінде, 30 031 салымшы бойынша 945 344 367,41 теңге бөлініп, БЖЗҚ, МӘСҚ, ӘМСҚ және МКК-ға аударылды.

3) 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап Астана, Алматы қалалары мен Павлодар облысында Мемлекеттік корпорация арқылы ЖАО-дан әлеуметтік көмек төлемдерін масштабтау жобасы іске қосылған.

Төлем түрлері:

Астана қаласы бойынша	Алматы қаласы бойынша
Туберкулезбен ауыратын адамдарға әлеуметтік көмек (ай сайын)	Туберкулезбен ауыратын адамдарға әлеуметтік көмек (ай сайын)
АИТВ инфекциясы бар балалардың ата-аналарына немесе қамқоршыларына әлеуметтік көмек (ай сайын)	АИТВ инфекциясы бар балалардың ата-аналарына немесе қамқоршыларына әлеуметтік көмек (ай сайын)
Онкологиялық ауруы бар адамдарға әлеуметтік көмек (ай сайын)	
АИТВ инфекциясы бар адамдарға әлеуметтік көмек (тоқсан сайын)	АИТВ инфекциясы бар адамдарға әлеуметтік көмек (тоқсан сайын)
Баланы үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу (тоқсан сайын)	Баланы үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу (тоқсан сайын)

Пилоттық жобаны енгізу оң әсерін көрсетті:

тізімдік форматта әлеуметтік мәні бар аурулары бар адамдарға әлеуметтік көмек төлеуге өтініштер енгізу;

мереке және атаулы күндерге әлеуметтік көмек төлеу Мемлекеттік корпорация электрондық форматта ұсынған тізімдер бойынша жүргізіледі;

өтініш беруші бойынша мәліметтерді автоматты түрде тексеру жүргізіледі (тұрғылықты жері бойынша тіркеу, ЖСН, банк нөмірі).

2023 жылы Мемлекеттік корпорация 1 410,85 млн.теңге сомасында 33 548 әлеуметтік көмек төлемін жүзеге асырды: Павлодар облысы – 1 015,3 млн. теңге

сомасында 23 778 төлем; Астана қаласы – 258,2 млн. теңге сомасында 6 369 төлем; Алматы қаласы – 137,4 млн. теңге сомасында 3 401 төлем.

4) ҚР ЦДИАӨМ және ҚР ЕХӘҚМ-мен бірлесіп жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап eGov арқылы міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың қате есептелген сомаларын қайтару қызметін көрсету бойынша пилоттық жоба іске қосылған. Бұл қызметтер Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне де енгізілген.

Пилоттық жобаның нәтижелері: ӘА қайтару барлығы - 82 636, оның ішінде eGov арқылы – 35 500 (42,9%), МЗЖ қайтару барлығы - 86 462, оның ішінде eGov арқылы – 25 809 (29,8%).

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласындағы жобалар:

1) 2023 жылы Алматы қаласында «I - Qala» жобасы іске қосылған (2022 жылы Астана қаласында іске қосылған). Оның мәні сатып алынған жылжымайтын мүлік иесіне 1414 Бірыңғай байланыс орталығынан құттықтау және коммуналдық қызметтермен шарттар жасасу және міндетті сұрақтармен сауалнамаға сілтеме жасалған Қалалық қызметтер орталығынан SMS ұсыныс түседі. Өтінімдерді қарау аяқталғаннан кейін коммуналдық ұйымдар шарттардың жасалғаны туралы түпкілікті SMS қалыптастырады және олармен Қалалық қызметтер порталындағы жеке кабинетте танысуға болады. Осылайша, коммуналдық қызметтерге жүгіну және құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажеттілігі алынып тасталады. Шарт жасасу үшін қажетті ақпарат меншік иесінің келісімімен ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы мемлекеттік деректер базасынан алынады. Есептік жылы 76 439 онлайн шарт жасалған.

2) Blockchain технологиясын қолдана отырып, жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) тіркеуге байланысты жобаларды іске асыру жалғастырылды. Бұл BI Group құрылыс салушысымен сатып алу-сату шарттарын және жылжымайтын мүлікке құқықтарды кепілге беру шарттарын ресімдеу жөніндегі «Цифрлық ипотека» жобасы және жылжымайтын мүлік кепілі бойынша екінші деңгейдегі банктермен жоба. Blockchain технологиясы бойынша тіркеу іс-әрекеттерін жасау көрсетілетін қызметті Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистеріне жүгінбей-ақ алуға мүмкіндік береді.

Кепіл жөніндегі пилот шеңберінде 2023 жылы Фридом, Халық, Отбасы банктері қосылды. Құрылыс салушымен сатып алу-сату шарттарын жасасу бойынша BI Group қосылған. Даму шеңберінде Цифрлық ипотеканың жаңа қатысушылары - Банк центр кредит, Бірінші кредиттік бюро және Береке Банк іске қосылды.

Жобаны дамыту банктер санын ұлғайту арқылы да, blockchain технологиясы бойынша қызметтердің жаңа түрлерін енгізу арқылы да жүргізілді - бұл: қарыз шарты бойынша талап ету құқықтарын басқаға беруді тіркеу; шарт талаптарының өзгеруі нәтижесінде ауыртпалықтың өзгеруін тіркеу.

2023 жылы жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) тіркеу бойынша blockchain технологиясы арқылы барлығы – 92 967 мемлекеттік қызмет тіркелген (2022 жылы – 64 955 қызмет), келесі банктермен жасалған шарттар негізінде : BI Group - 15 554; Отбасы Банкі –

60 154; «Қазақстан Халық банкі» АҚ - 9 341; «Банк Фридом Финанс Қазақстан» - 7 078; «Банк Центр Кредит» АҚ - 840.

3) Мемлекеттік корпорация Бірінші кредиттік бюромен (*бұдан әрі - БКБ*) бірлесіп, халыққа және құрылыс салушыларға мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған Бірыңғай платформа (FCB Gov Platform) әзірледі, онда БКБ инфрақұрылымына қосылған жеке тұлғалар мен ұйымдардың мемлекеттік сервистер иелерімен өзара әрекет етуі мүмкін болады.

Есептік жылы FSB Gov Platform-да:

Blockchain технологиясын пайдалана отырып, жылжымайтын мүлік кепілі шартын тіркеу процесі (екінші деңгейдегі банктерге смарт-келісімшарттар арқылы жылжымайтын мүлік кепілін тіркеуге онлайн өтінім жіберуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған процесс);

толық төленген кезде (оның ішінде кепілдік жарнаны төлей отырып) құрылыс салушыдан пайдалануға берілген жылжымайтын мүлікті сатып алу процесі;

жылжымайтын мүліктің мемлекеттік деректер базасынан жылжымайтын мүліктің болуы/болмауы туралы анықтаманы тарихымен және жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар/ауыртпалықтар туралы анықтаманы алу іске асырылды.

Сервисті дамыту шеңберінде жылжымайтын мүлікті ипотекаға, бөліп-бөліп, үлестік қатысу шарты бойынша онлайн сатып алуға қатысты жұмыстар жоспарлануда.

Жер кадастры саласындағы жобалар:

2023 жылы Мемлекеттік корпорация «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры» ақпараттық жүйесін (*бұдан әрі – БМЖМК АЖ*) құру жөніндегі жобаны іске асырды, оны әзірлеу 2018 жылы басталды және Мемлекеттік корпорацияның өз қаражаты есебінен жүргізілді. Жобаның мақсаты - БМЖМК АЖ арқылы жер кадастры (МЖК ААЖ) және жылжымайтын мүлік (ЖМТ МДБ АЖ) қызметтерін іске асыру.

2023 жылғы мамырдан маусымға дейін ЖМТ МДБ АЖ-дан (18 млн. астам мәліметтер) және МЖК ААЖ-дан (6 млн. астам мәліметтер) БМЖМК АЖ-ға деректерді көшіру жүргізілді.

2023 жылғы 1 шілдеде БМҚК АЖ іске қосылды.

БМЖМК АЖ іске қосылуымен жер учаскесіне құқықтарды ресімдеу рәсімі жеңілдетілді: көрсетілетін қызметтер автоматтандырылды; жер учаскесіне акті мен техникалық паспорт бірыңғай құжат - жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортына біріктірілді, жерге орналастыру жобасы алынып тасталды; жер комиссияларын алып тастау есебінен келісімдер саны және құжаттарды қарау ұзақтығы 1 жылдан 30 күнге дейін қысқартылды; құқықтарды тіркей отырып, жер учаскесіне құжат алу бойынша композиттік қызметтер көрсету мүмкіндігі іске асырылды; әртүрлі сатылар бойынша құжаттың барысына онлайн мониторинг жүргізу енгізілді.

2023 жылғы 29 желтоқсанда БМЖМК АЖ өнеркәсіптік пайдалануға беру актісіне қол қойылды.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап БМЖМК АЖ арқылы 301 515 кадастрлық паспорт берілді, оның ішінде жер-кадастрлық жұмыстар желісі бойынша –

77 489, техникалық тексеру желісі бойынша – 224 026.

2023 жылғы 9 қазанда eGov, «Электрондық үкімет» шлюзі, БМЖМК АЖ Жария кадастрлық картасы, әкімдіктердің өңірлік геоақпараттық жүйелері арқылы іске асырылатын «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік қызметін автоматтандыру жүзеге асырылды. Іске қосылған күннен бастап әкімдіктерге қалаларда жер учаскесін беру бойынша композиттік қызметтер көрсету бойынша 8 964 өтініш келіп түскен. ЖАО-ның 437 оң шешімі берілген. 48 өтінім бойынша процесс толығымен аяқталған (кадастрлық паспорт берілген, учаске тіркелген).

«е-Өтініш» ақпараттық жүйесін институттандыру:

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің *(бұдан әрі - ӘРПК)* 69-бабының 3-тармағына сәйкес, «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі *(бұдан әрі - Жүйе)* жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің барлық түрлерін қабылдауға арналған «бірыңғай терезе» ретінде пайдаланылады.

Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға өтініштерін қабылдауды ұйымдастыру және оларға өтініш берушілердің сұрауы бойынша жауап беру функциялары Мемлекеттік корпорацияға бекітілді.

Жобаны іске асыру басталғаннан бастап - 2021 жыл, Мемлекеттік корпорация «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың цифрлық құралдарының бірі ретінде Жүйені дамыту, енгізу және сүйемелдеу жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік корпорация тарапынан жобаны іске асыруды ведомствоаралық үйлестіру, сондай-ақ барлық пайдаланушыларды Жүйемен жұмыс істеу бойынша оқыту қамтамасыз етіліп, жүзеге асырылды, бірқатар басқа да ұйымдастыру мәселелері, оның ішінде әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдарда азаматтардың өтініштерін қабылдау және қарау бойынша тест жұмыстарын жүргізу мәселесі шешілді.

Жүйе 26 мыңнан астам әкімшілік органдарда және олардың 26 мың ведомстволық бағынысты және құрылымдық бөлімшелерінде енгізілді, онда оны 212 мыңнан астам қызметкер пайдаланады, 1,6 млн.өтініш берушіден 5,7 млн. астам өтініш (оның ішінде 2023 жылы – 2,9 млн. астам) тіркелді.

Жобаны іске асыру шеңберінде:

1. ХҚКО базасында халықпен жұмыс істеу үшін 260 «Нәтиже» өтініш қабылдау орталығын ұйымдастыру және жұмыс істеу;

2. Қостанай, Павлодар және Түркістан облыстарындағы Мемлекеттік корпорацияның және әкімдіктердің фронт-офистерінің жұмысы бойынша бірыңғай стандарт және ХҚКО өкілеттіктері бойынша ЖАО мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің өкілдерін өтініштерді қарауға тарту бойынша пилоттық жобаны іске қосу және іске асыру;

3 Жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштерін қабылдау үшін Жүйені «бір терезе» ретінде институттандыру;

4. Азаматтарға ыңғайлы қызмет көрсету орталықтарын (СуперХҚКО желісі) дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеу;

5. Үкімет Аппараты жанындағы «Азаматтарды қабылдау орталығы» тұжырымдамасының жобасын әзірлеу;

6. 2023 жылғы 3 шілдеден бастап Үкімет Аппараты жанындағы Азаматтарды қабылдау орталығын іске қосу;

7. 2023 жылғы желтоқсан айынан бастап өңірлерде Үкімет Аппараты жанындағы Азаматтарды қабылдау орталығының тәжірибесін масштабтау жүзеге асырылды.

Жобаның негізгі нәтижелері:

1) ӘРПК сәйкес барлық мемлекеттік органдар үшін бірыңғай нөмірі бар барлық өтініштерді бірыңғай жүйеде қарау;

2) ӘРПК сәйкес барлық әкімшілік органдардың жұмыскерлері үшін өтініштерді бірыңғай қарау практикасы;

3) өтініш берушіге құжаттар топтамасын толықтыру, қосымша дәлелдер жазу мүмкіндігі;

4) бұрын қабылданған шешімдерге бірыңғай жүйе арқылы шағымдану;

5) өтініш берушіні ЖСН бойынша бірыңғай іс есебінен құжаттарды жинаудан босату (бірегей нөмір және барлық мәліметтер бір жерде - шағымдар, талап-арыздар тапсырмалар);

6) Жүйе не ұялы телефон арқылы бір рет басу арқылы сотқа талап-арыз беру;

7) әрбір мемлекеттік орган бөлінісінде егжей-тегжейлі талдамалық есептілік.

2023 жылы Digital Bridge халықаралық форумының алаңында өткен «Qazaqstan Project Management Awards» жобалық басқару саласындағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың үлесі мен жетістіктерін айқындау жөніндегі ұлттық конкурста жоба «Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі үздік жоба» арнайы номинациясын алды.

ВРМ платформасында ішкі процестерді автоматтандыру:

Жобаның мақсаты Мемлекеттік корпорацияның бизнес-процестерінің тиімділігі мен ашықтығын артық қатысушыларды болдырмау, деректерді қалыптастыру немесе оларды тексеру кезеңінде адами факторды төмендету, сондай-ақ адамның қатысуын болдырмайтын процестің белгілі бір қадамдарын толық автоматтандыру есебінен жалпы арттыру болып табылады.

Жоба 2022 жылы басталып, 2026 жылға дейін іске асырылуы жоспарланған. Жобаны іске асырудың бастапқы кезеңінде Мемлекеттік корпорацияның бизнес-процестеріне талдау жүргізілді, онда автоматтандыруға жататын процестерді анықтау мақсатында, Мемлекеттік корпорацияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен топ-менеджментінің басшыларынан сұхбат алынды. Нәтижесінде ВРМ-жүйе базасында автоматтандыруға жататын 136 процестің тізбесі бекітілді.

Автоматтандыру периметріне мынадай процестер кірді: кадрлық әкімшілендіру және персоналды басқару; бюджетті басқару; әкімшілік-шаруашылық қызмет; коммерциялық сервисті басқару; техникалық қолдау; стратегияны іске асыру; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; ішкі аудит; корпоративтік хатшы және кеңсе; комплаенс; техникалық қолдау; қазынашылық және бухгалтерия.

Платформа келесі жүйелермен/сервистермен интеграцияланған: 1С (бюджетті құру, ұйым бюджетін бекіту, ұйым бюджетін түзету және кадр

процестері бойынша деректерді жинау бөлігінде); «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы» АЖ (жеке тұлға туралы дербес мәліметтер/туған жері/мекенжай мәліметтері/жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтері); Мемлекеттік сатып алу порталы (қол қойылған шартты және шарттың басқа да атрибуттарын алу бөлігінде).

Келесі жүйелермен/сервистермен интеграция жүргізілуде: Enbek.kz (жасалған шарттар, қосымша келісімдер және еңбек шарттарын бұзу бойынша деректерді беру бөлігінде); ҚР Денсаулық сақтау министрлігі (психоневрологиялық және наркологиялық диспансерден анықтама); ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама).

2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап жоба Мемлекеттік корпорацияның 21 филиалында пилоттық режимде масштабталып, 16 қазаннан бастап өнеркәсіптік пайдалануға берілген.

2023 жылдың нәтижелері бойынша 136 процестің (Автоматтандыруға жататын бизнес-процестердің бекітілген тізбесінен) 129 процесс автоматтандырылды (94%). Сондай-ақ түрлендіру мен жаңғырту сатысында тұрған процестер де бар. Нәтижесінде Басқарма аппаратында барлығы 35 547 мың нысан іске қосылды.

3. АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Есепті кезеңде Мемлекеттік корпорация желісін және бірыңғай ақпараттық - коммуникациялық ортаны одан әрі құру және басқару бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Келесі жұмыстар атқарылды:

Өзінің жоғары қорғалған байланыс арналарын пайдалана отырып, телефон байланысы енгізілді, бұл қалааралық байланыс шығындарын қысқартуға, артық және нашар пайдаланылған байланыс арналарынан құтылу арқылы провайдермен өзара әрекет етуді ұйымдастыруға мүмкіндік берді, нәтижесінде, байланыс шығындарын құрылымдауға мүмкіндік береді.

Инфрақұрылымды дамыту шеңберінде сатып алынған коммуникациялық жабдық енгізілді, бұл салынған инфрақұрылымның көмегімен келесі жобаларды қолдауға және қамтамасыз етуге мүмкіндік берді:

Ішкі IP телефония;

Жол қозғалысы қағидалары бойынша емтихан тапсыруды YouTube-ке трансляциялау;

ЖКҚ серверлерін ХҚКО 2.0 ИАЖ-мен интеграциялау;

Өңірлерде SIMBase жүйесін енгізу;

Құжаттарды постомат арқылы беру;

OpenWifi.

Өз арналарын пайдалана отырып, 1 892 бейнебақылау камерасы қосылған.

Zabbix және iMaster мониторингі және басқару жүйелері енгізілді.

Wi-Fi желісімен қамтамасыз ету бойынша жеке шешім енгізілді (696 дана Wi-Fi қосқыштары мен кіру нүктелері орнатылды), бұл байланыс арналарына

шығындарды қысқарту жолымен оңтайландыруға мүмкіндік берді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП


4. ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ

Мемлекеттік корпорацияның Даму стратегиясында экономикаға әсер етудің маңыздылығын, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтылуды, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді және мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтауды түсіну айқындалған.


Мемлекеттік корпорация ұлттық жобаларды іске асыруға қатыса отырып, мемлекеттік қызметтердің үздіксіз, қолжетімді және сапалы көрсетілуін қамтамасыз етіп, ұлттық экономика мен қоғамның тұрақты дамуына үлесін қосады.

Барлық деңгейдегі барлық жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосуда. Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі тұрақты даму саласындағы қызметке стратегиялық басшылықты қамтамасыз етеді. Мемлекеттік корпорация Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастырып енгізуді, тұрақты даму қағидаттарын, тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етеді. Құрылымдық бөлімшелер тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады, Мемлекеттік корпорацияның Жылдық есебіне және Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі есептілікке енгізу үшін көрсетілген іс-шараларды орындау нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады.


Тұрақты даму саласындағы ағымдағы жағдай (2023 жылдың соңына) «Тұрақты даму консалтингі» ЖШС жүргізген ESG скринингінің мынадай нәтижелерімен сипатталады.



S: ӨЛЕУМЕТТІК АСПЕКТИЛЕР



G: КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



мақсатты кесте
 ағымдағы жағдай

Тұрақты дамудың экологиялық құрамдас бөлігіндегі ESG скринингінің нәтижелері Мемлекеттік корпорацияның қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпеуіне байланысты. Осыған сәйкес, экологиялық жауапкершілік саласындағы

іс-шараларға аз көңіл бөлінеді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметінде ESG-қағидаттарын енгізу мақсатында, 2022 жылғы ақпан айында Мемлекеттік корпорация Басқармасы Тұрақты даму саласындағы саясатты бекітті.

Аталған Саясатпен Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы қызметінің мақсаттары, қағидаттары мен бағыттары айқындалды.

Экономикалық өсу саласындағы мақсаттар	Экологиялық баланс саласындағы мақсаттар	Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мақсаттар
1) ұзақ мерзімді құнның өсуі;	1) биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту;	1) ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
2) Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету;	2) шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;	2) әділ сыйақы беру және жұмыскерлердің құқықтарын сақтау;
3) процестер тиімділігін арттыру;	3) экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдану	3) жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын сақтау;
4) еңбек өнімділігін арттыру;		4) жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
5) неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі;		5) жұмыскерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
6) заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарын, корпоративтік басқару мен іскерлік әдептің жоғары стандарттарын сақтау;		6) Мемлекеттік корпорацияда жұмыскерлерді басшылық лауазымдарға тағайындау кезіндегі инклюзивтілік
7) қатысу аумақтарының жергілікті қоғамдастықтарын қолдау, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету		

Мемлекеттік корпорацияның тұрақты даму саласындағы басты мақсаты әртүрлі мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, оның ұзақ мерзімді кезеңдегі орнықтылығына нұқсан келтірмей, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

т/б №	Қағидаттың атауы	Қағидатты анықтау
1	Ашықтық және айқындық	Мемлекеттік корпорация ниеттері мен іс-әрекеттерінің ашықтығы және айқындығы саясатын ұстанады, өз қызметінің нәтижелеріне Мемлекеттік

		корпорацияның web-сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл қағидат Мемлекеттік корпорацияның қызметіне сенімгерлік қатынасты құруға ықпал етеді
2	Есепті болу	Мемлекеттік корпорация экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсері үшін өзінің есепті болуын, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнының өсуі және тұрақты дамуы үшін Жалғыз акционер алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді. Тұрақты даму саласындағы есептілік жыл сайын Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы жылдық есепте ашылады
3	Заңдылық	Мемлекеттік корпорация өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады және өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындайды
4	Этикалық мінез-құлық	барлық мүдделі тараптармен өзара әрекет ету процесінде Мемлекеттік корпорация корпоративтік этиканың, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның іскерлік әдеп кодексінде бекітілген этикалық нормалары мен қағидаларын қатаң сақтайды
5	Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау	мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастар осындай өзара іс-қимыл нәтижелеріне өзара мүдделілік негізінде құрылады. Мемлекеттік корпорация өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың мүдделері мен күтулерінің теңгерімін сақтауға ұмтылады
6	Адам құқықтарын сақтау	Мемлекеттік корпорация адам құқықтарына қол сұғылмаушылықты мойындайды және оларды бұзудың кез келген нысандарына жол бермейді. Мемлекеттік корпорация тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ықпал етеді, мәжбүрлі еңбекке қарсы әрекет етеді, адамның дербес деректері мен басқа да іргелі құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді
7	Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік	Мемлекеттік корпорация өз қызметінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидатын («нөлдік төзімділік» қағидаты) ұстанады және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға ықпал етуді өзінің парызы деп санайды
8	Мүдделер қақтығысына жол бермеу	Мемлекеттік корпорация жеке мүдделері Мемлекеттік корпорацияның мүдделеріне қайшы келетін және мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларды болдырмауға тырысады. Мүдделер қақтығысына жол бермеу Мемлекеттік корпорацияның, оның жұмыскерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады. Мемлекеттік корпорацияның барлық жұмыскерлері мүдделер қақтығысы жоқ, ашық, уақытылы және ақылға қонымды шешімдер қабылдау үшін жауаптылықта болады

Көрсетілген мақсаттар мен қағидаттарға сәйкес Мемлекеттік корпорация тұрақты даму саласындағы өз қызметін үш бағыт бойынша жоспарлайды: қызметтің тиімділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету (экономикалық тұрақтылық); табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану (экологиялық тұрақтылық); жұмыскерлерді кәсіби дамыту және әлеуметтік қолдау (әлеуметтік тұрақтылық).

5. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Мақсаты	Мемлекеттік корпорацияның салымы
Ұзақ мерзімді құнның өсуі	3 жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер: 2021 жылғы 1 қаңтарға - 32 495 158 мың теңге; 2022 жылғы 1 қаңтарға - 39 352 856 мың теңге; 2023 жылғы 1 қаңтарға - 45 789 678 мың теңге; 2024 жылғы 1 қаңтарға - 45 845 985 мың теңге.
Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету	Жыл сайын Жалғыз акционер Мемлекеттік корпорацияға уәкілетті органның (ҚР ЦДИАӨМ) даму жоспарында көрсетілген мақсаттарына қол жеткізуге әкелетін КРІ (Жалғыз акционердің күтуі) тізбесін жолдайды. 2023 жылы Жалғыз акционердің 13 ҚНҚ-ден 12 немесе 92% орындалды (2022 жылы – 15 ҚНҚ-ден 13 немесе 86,6% орындалды). 2023 жылы Мемлекеттік корпорация атына ҚР ЦДИАӨМ-ден 1 811 сұраным мен тапсырма келіп түсті (2022 жылы - 700-ге жуық), 1 804 орындалды. Оның ішінде 204 тармақ бойынша тапсырмалары бар кеңестердің 80 хаттамасы (2022 жылы – 51 хаттама және 262 тапсырма тармағы). МҚК-ден 30 тапсырма тармағы бар 12 хаттама келіп түсті (2022 жылы - 16 хаттама және 54 тапсырма)
Процестер арттыру тиімділігін	Мемлекеттік корпорация жыл сайын мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша автоматтандырылған процестердің үлесін арттырады. 2023 жылы бэк-офистерде мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қол еңбегі 12,6%-ға қысқарды, яғни 5 286 072 мемлекеттік қызметтің ішінен ақпараттық анықтамаларды есепке алмағанда толық автоматты режимде 667 099 қызмет көрсетілді (2022 жылы – қол еңбегін қолданбай қызметтердің 4,3% көрсетілді). Сондай-ақ «Simourg» ЖШС-мен Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес ВРМ платформасы базасында жүргізілетін ішкі бизнес-процестерді автоматтандыру жобасын іске асыру жалғастырылды. Жобаны іске асыру үшін автоматтандыруға жататын ішкі бизнес-процестердің тізбесі бекітілген, оған: кадрлық әкімшілендіру және персоналды басқару; бюджетті басқару; әкімшілік-шаруашылық қызмет;

	<p>коммерциялық сервисті басқару; техникалық қолдау; стратегияны іске асыру; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау; ішкі аудит; корпоративтік хатшы және кеңсе; комплаенс; техникалық қолдау қазынашылық және бухгалтерия процестері енгізілді.</p> <p>Тізбеге 136 тармақ қамтылған, оның ішінде процестерді автоматтандыру бойынша тармақтар - 131 және жүйелерді интеграциялау бойынша тармақтар - 5.</p> <p>2023 жылы 22 процесс автоматтандырылды: кадрлық әкімшілендіру - 6, сапа менеджменті жүйесін басқару - 1, активтерді басқару және коммерциялық сервис – 1, мемлекеттік сатып алу – 6, алқалы басқару органдарын ұйымдастыру және жүргізу - 1, қазынашылық – 5, бухгалтерлік есеп – 1, нұсқамалар өткізу – 1. Сондай-ақ 2022 жылы автоматтандырылған 10 процесті одан әрі жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді. 2023 жылғы 31 желтоқсан бойынша барлығы 146 898 Тізбе объектісі іске қосылып, 94,6% автоматтандырылды (2022 жылы - Тізбенің 71%).</p>
Еңбек өнімділігін арттыру	<p>2023 жылы жоспар бойынша Мемлекеттік корпорацияның бір қызметкеріне еңбек өнімділігі – 196,16 мың теңге (минусты) 141,33 мың теңге (2022 жыл жоспар бойынша 135,67 мың теңге (II жартыжылдықты нақтылау) кезінде факт 165,52 мың теңгені құрады, яғни 122% - ға орындалды).</p> <p>Еңбек өнімділігін арттыруға технологиялық инновациялар, жұмыскерлерді ынталандыруды күшейту, ақпараттық жүйелерді жаңғырту және интеграциялау, басқаруды жетілдіру, артық персоналды қысқарту, жұмыскерлердің біліктілігін арттыру ықпал ететін болады. Өз кезегінде, бұл факторларға Мемлекеттік корпорацияны жеткілікті қаржыландыру қажеттілігі әсер етеді.</p>
Неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі	<p><u>БМЖМК АЖ инвестициялар</u></p> <p>Әзірлеу 2018 жылы басталған БМЖМК АЖ іске қосу жобасы 2023 жылы аяқталды.</p> <p>БМЖМК АЖ іске қосылуымен (2023 жылғы 1 шілдеде) жер учаскесіне құқықтарды ресімдеу рәсімі оңайлатылды: көрсетілетін қызметтер автоматтандырылды (электрондық форматқа көшу), бірқатар құжаттар (жер учаскесіне акт, жерге орналастыру жобасы, объектінің техникалық паспорты) алынып тасталды, жер комиссиялары алынып тасталды (келісімдер саны азайды), құжаттың барысына әр түрлі инстациялар бойынша онлайн мониторинг жүргізілді, құқықтарды тіркей отырып, жер учаскесіне құжат алу бойынша композиттік қызметтер енгізілді, құжаттарды қарау және келісу ұзақтығы 1 жылдан 30 күнге дейін қысқарды, жер учаскесінің актісі мен техникалық паспорты бірыңғай құжатқа - жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортына біріктірілді.</p> <p>2023 жылғы 29 желтоқсанда БМЖМК АЖ</p>

өнеркәсіптік пайдалануға беру актісіне қол қойылды. 2023 жылға арналған статистика: БМЖМК арқылы 301 515 кадастрлық паспорт берілді, оның ішінде: жер-кадастрлық жұмыстар желісі бойынша – 77 489, техникалық тексеру желісі бойынша – 224 026. Әкімдікке қалаларда жер учаскелерін беру бойынша ЖАО композиттік қызметтерін көрсету туралы БМЖМК-ге 8 964 өтініш келіп түсті.

ХҚКО ИАЖ-ға инвестициялар

2023 жылы ХҚКО ИАЖ-ды жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік қызметтер (МХҚКО қызметтері) бөлігінде модификациялау бойынша жұмыс жалғастырылды.

Жаңа жүйеде оператордың өтініш берушінің деректерін түзету мүмкіндігінсіз бірқатар форматты-логикалық бақылауларды қолдана отырып, олардың көп бөлігін автоматты түрде толтыру көзделген, негізгі параметрлер бойынша деректерді қолмен енгізу жоқ, бұл өтінімді толтыру уақытын едәуір қысқартады. Өтінім мемлекеттік қызметтерді алу үшін қойылған өлшемшарттарға сәйкес келмеген жағдайда, автоматты түрде бас тарту қалыптастырылады. Жүйе деректерді оператордың реттей алмайтындай етіп реттелген.

ХҚКО ИАЖ 2.0 ҚР ЕжХӘҚМ және ҚР ИМ жүйелерімен интеграциялау жүргізілді, бұл техникалық деңгейде берілетін деректер көлемін қысқартуға мүмкіндік берді.

Жаңа жүйе МТНБ (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері) алдын ала брондау кезінде алаяқтықтың жасалуын болдырмайды және алдын ала төлемді ескере отырып, жоғары сұраныстағы МТНБ тапсырыс беру және МТНБ телнұсқасына тапсырыс беру, сондай-ақ оны қалпына келтіру секілді процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді.

ХҚКО ИАЖ 2.0 ЭҮТШ-пен («электрондық үкімет» төлем шлюзі) және МХҚКО-ларда мемлекеттік баждарды төлеуді қабылдайтын қаржы ұйымдарымен интеграциялау мемлекеттік баждарды оларды төлеу тұрғысынан салыстыру процесін цифрландыруға және мемлекеттік баждар мен айыппұлдарды төлеу кезінде қағаз түбіртектерді қабылдауды болдырмауға мүмкіндік берді.

2023 жылдан бастап жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер ХҚКО ИАЖ 2.0 арқылы көрсетіледі, 20 өңірде және 86 бөлімде жұмыс істейтін Қазақстан бойынша жүйені масштабтау жүргізілді.

Сондай-ақ 2022 жылы басталған «қағазсыз ХҚКО» жобасы ХҚКО ИАЖ арқылы құжаттарды қабылдау кезінде қағаз өтінімдер мен қолхаттарды алып тастау бойынша жалғастырылған. 2023 жылдың қорытындысына сәйкес, 45 мемлекеттік қызмет бойынша өтініштердің электрондық бланкілері және

	<p>50 мемлекеттік қызмет бойынша SMS нәтижелер іске асырылды. Барлығы 2022 жылдың нәтижелері ескеріле отырып, электрондық бланкке 111 мемлекеттік қызмет және 91 мемлекеттік қызмет SMS нәтижеге ауыстырылды.</p> <p><u>«ХҚКО» мобильді қосымшасына инвестициялар</u></p> <p>«ХҚКО» мобильдік қосымшасын Мемлекеттік корпорация әзірледі және ол Мемлекеттік корпорациямен бейнебайланыс арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету үшін ақпараттандыру объектісі болып табылады.</p> <p>Мобильдік қосымшада 79 мемлекеттік қызмет кіші түрлерімен іске асырылды. Бұл негізінен әлеуметтік қамсыздандыру және ЭЦҚ беру саласындағы қызметтер.</p> <p>2023 жылы қосымша арқылы 1 772 804 қызмет көрсетілген, оның ішінде мобильдік азаматтар базасында тіркеу бойынша 1 906 074 бейнеқоңырау жасалған (мәлімет үшін: eGov mobile-да - 77 294 бейнеқоңырау), ХҚКО-да 168 707 кезек брондалған, QR арқылы 37 469 цифрлық талон берілген. 2023 жылдың соңында 317 186 пайдаланушыда қосымша орнатылған.</p> <p>Қосымша арқылы қызмет көрсету фронт-офис жұмыскерлерінің жүктемесін азайтып, үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алуға ықпал етеді.</p>
<p>Заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарын, корпоративтік басқару мен іскерлік әдептің жоғары стандарттарын сақтау</p>	<p>Мемлекеттік корпорацияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі жыл сайын бекітілетін Сыбайлас жемқорлыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізіледі. 2023 жылғы жоспар 23 тармақтан тұрады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, экономикалық қауіпсіздікті, кадр қауіпсіздігін қалыптастыру, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық пен өзге де құқық бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі 38 іс-шарадан тұрады. 2023 жылы Жоспардың 38 іс-шарасының ішінде МХҚКО жұмыс станцияларында DLP-жүйесін енгізу процесін аяқтау бөлігінде қаржы қаражатының болмауы себебінен біреуін орындауға мүмкіндік болмады.</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын түсіндіру мақсатында, 4 564 іс-шара (семинарлар, дәрістер, әңгімелер және т.б.), оның ішінде құқық қорғау органдарымен, «Аманат» партиясымен өзара әрекет ету кезінде өткізілді.</p> <p>Әлеуметтік жәрдемақылар мен зейнетақы төлемдерін төлеу, көппәтерлі тұрғын үй кешендерін пайдалануға беру актісін тіркеу мемлекеттік қызметтерін көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәселесі бойынша ішкі талдау жүргізілді. Мемлекеттік корпорация филиалдарында тексерулерді ұйымдастыру үшін, қауіпсіздік жөніндегі уәкілдер</p>

	<p>қолданатын Жерге орналастыру жұмыстарын орындау кезінде жер учаскелерінің бағалау құнын төмендету фактілерін анықтау және жолын кесу бойынша жер кадастры желісі туралы әдістемелік ұсынымдар әзірленді.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігіндегі заңнама талаптарын сақтау Мемлекеттік корпорацияның Ахуалдық орталығының қызметімен, сондай-ақ көп сатылы сапа бақылау жүйесімен (бөлім, филиал, Басқарма аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелері) қамтамасыз етіледі.</p> <p>Корпоративтік басқару органдарының жұмысын жетілдіру бөлігінде ақпарат осы Есептің «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылған.</p>
<p>Қатысу аумақтарының жергілікті қоғамдастықтарын қолдау, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету</p>	<p>Мемлекеттік корпорация еліміздегі ең ірі және географиялық жағынан кең таралған жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Бұл жағдай Мемлекеттік корпорацияға үлкен әлеуметтік міндеттемелерді жүктейді. Мемлекеттік корпорация қатысатын өңірлерде 22 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтып отыр.</p> <p>Мемлекеттік корпорацияның фронт-және бэк-офистері еліміздің барлық облыс және аудан орталықтарында, қалаларында жұмыс істейді. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі Мемлекеттік корпорацияның Мобильдік ХҚКО-ның шығуымен және «Қазпошта» АҚ ауылдық пошта байланысы бөлімшелерінің (Мемлекеттік корпорация мен «Қазпошта» АҚ бірлескен жобасы) мемлекеттік қызметтер көрсетуімен қамтамасыз етіледі.</p> <p>2023 жылдың аяғында Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметтердің 1281 түрі немесе Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінің 94%-ы қолжетімді болды. Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінде бұл қызметтерді операциялық залдар арқылы да, ХҚКО жұмыскері оларды алу тәртібін түсіндіретін және қажет болған жағдайда, eGov пайдалану дағдыларын үйрететін өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында да өз бетінше алуға болады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызметті ақпараттық қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс БАҚ-та да жүргізілуде. 2023 жылы республикалық және өңірлік БАҚ-та 72 832 738 қаралымды қамтитын 11 884 материал жарияланды. Мемлекеттік корпорация туралы жаңалықтар орналастырылды Tengrinews.kz, Nur.kz, Informburo.kz, Zakon.kz, Kapital.kz, Kolesa.kz, «Қазақстан ақиқаты», inform.kz, aqparat.info, baq.kz және т. б., «Хабар», «Хабар24», «Қазақстан», «Jibek Joly», «31 арна», «Бірінші Еуразия арнасы», Atameken Business Channel және т.б. телеарналарының эфиріне үнемі шығып тұратын. Бұдан басқа, Орталық коммуникациялар қызметінде</p>

50 брифинг және Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің қатысуымен 86 тікелей эфир өткізілді. Мемлекеттік корпорацияның сайтында 72 материал орналастырылды. Facebook, Instagram, Twitter, Telegram, YouTube және TikTok Мемлекеттік корпорациясының ресми парақшаларында қазақ және орыс тілдерінде 702 ақпараттық-танымдық материалдар жарияланды. 2022 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 34%-ға артқан. Жоғарыда аталған әлеуметтік желілердегі жазылушылардың жалпы саны 161 763 оқырманды құрайды (2022 жылы – 158 580 адам). Әлеуметтік желілерде түсіндіру жұмыстарына инфлюенсер тартылады. 2023 жылы блогер, шоу-бизнес, спорт саласы және қоғам өкілдері 3315 пост жариялады, сонымен қатар, елімізге танымал парақшаларда да материалдар жарияланды. Есепті кезеңде әлеуметтік желіге 10 776 кейс пен өмірлік жағдайлар (ескертулер мен пікірлер) келіп түсті. Барлық келіп түскен өтініштер өңделіп, әрқайсысына кері байланыс берілді.

6. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Мақсаты	Мемлекеттік корпорацияның салымы
Биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді азайту	Өз қызметінің сипатына қарай Мемлекеттік корпорация қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Мемлекеттік корпорация тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.
Шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану	Экология саласында орнықты дамуға қол жеткізу үшін Мемлекеттік корпорация табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді.
Экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдану	Табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту шеңберінде, Мемлекеттік корпорацияда шығыс материалдарын біртіндеп қысқарту бойынша жұмыс жүргізілуде, мысалы, электрондық қызметтерді көрсетуге көшу және жаңа сервистерді енгізу есебінен қағаз құжат айналымын қысқарту, анықтамаларды, қызмет көрсетуге арналған қағаз өтініштерді және құжаттарды тапсыру туралы қолхаттарды («Қағазсыз ХҚКО» жобасы) басып шығаруды алып тастау және т.б. Іргелес аумақтың тазалығы қамтамасыз етіледі, мерзімді негізде сенбіліктер ұйымдастырылады, ағаштар отырғызылады. Әкімдіктердің жалпы қалалық және аудандық сенбіліктер өткізуі кезеңінде іргелес

аумақты абаттандыру мен көгалдандыруды да жүргізіледі.

2023 жылы Қызылорда облысы бойынша 12 ғимарат жылу дизель отынынан табиғи газқа көшті, бұл энергия шығыны мен қоршаған ортаға шығарындыларды азайтты.

2016 жылғы қазан айынан бастап Мемлекеттік корпорацияда Қазақстанның өсімдіктер әлемінің үш мыңға жуық түрі қамтылған Бірыңғай гербарий қоры (бұдан әрі – БГҚ) жұмыс істейді. Мемлекеттік корпорация БГҚ сақтау және дамыту, оны ғылыми база ретінде пайдалану үшін барлық күш-жігерін жұмсайды

7. ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Мақсаты	Мемлекеттік корпорацияның салымы
<p>Ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету</p>	<p>Кадрларды іріктеу Мемлекеттік корпорацияның Адами ресурстарды басқару және дамыту саясатымен, Бос лауазымдарға орналасу қағидаларымен және басқа да ішкі құжаттармен реттеледі.</p> <p>Бос лауазымдарға орналасу конкурстық негізде үміткерлердің қажетті кәсіби және жеке-іскерлік құзыреттерін анықтау құралдары қолданыла отырып жүзеге асырылады.</p> <p>Ішкі және жалпы конкурстар институты енгізілді. Бос лауазымға алдымен жұмыс істеп жүрген жұмыскерлер қаралады және тиісті үміткер болмаған жағдайда, оған сыртқы үміткерлердің қатысу құқығымен жалпы конкурс жарияланады.</p> <p>2023 жылы Мемлекеттік корпорацияның 1 752 жұмыскері жоғары тұрған лауазымдарға ауыстырылды.</p>
<p>Әділ сыйақы беру және жұмыскерлердің құқықтарын сақтау</p>	<p>Мемлекеттік корпорацияның кадр саясатының негізгі бағыты материалдық және материалдық емес құрамдастарды көздейтін персоналды ынталандыру жүйесі болып табылады.</p> <p>2023 жылы филиал жұмыскерлерінің жалақысы 50%-ға және Басқару аппараты жұмыскерлерінің жалақысы орта есеппен 21%-ға көтерілді. Мысалы, ХҚКО жұмыскерлерінің аудандық Халыққа қызмет көрсету бөлімінің маманынан республикалық маңызы бар бөлім басшысына дейінгі лауазымдық жалақысы 150 000-нан 405 000 теңгеге дейін құрайды.</p> <p>Жыл қорытындысы бойынша штаттық және штаттан тыс жұмыскерлерге бір лауазымдық жалақы мөлшерінде сыйлықақы берілді.</p> <p>Материалдық емес ынталандыру шеңберінде 2023 жылы Басқарма төрағасынан атаулы күндерге</p>

	<p>(баланың тууы, некеге тұру, ЖОО-ны аяқтау, мерейтой, зейнеткерлік жасқа жету) 820 құттықтау адресаты, жұмыс өтілі (5, 10, 15, 20, 25 жыл) бойынша 123 адресат берілді және мемлекеттік мерекелерге 994 алғыс хат (2022 жылы - атаулы күндерге 997 құттықтау адресаты) берілді.</p> <p>ЦДИАӨМ министрінің Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары Басқарма Аппаратының жұмыскерлеріне табысталды. Мемлекеттік наградалармен: «Құрмет» орденімен - 1 жұмыскер, Ерен еңбегі үшін медальмен - 1 жұмыскер және Еңбек күніне орай Құрмет грамотасымен - 105 жұмыскер марапатталды.</p>
<p>Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын сақтау</p>	<p>Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін, Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар мен іс-шаралар жоспарларына сәйкес, Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерімен тұрақты негізде міндетті нұсқамалар (кіріспе, жұмыс орнындағы бастапқы, қайталама, жоспардан тыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нысаналы) жүргізіледі. Есептік жылы 22 069 жұмыскердің 18 384-і өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтан өтті, бұл 83,3% құрайды.</p> <p>2023 жылы ақылы негізде 252 жұмыскер оқытылды (филиал директорлары және еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі жауапты тұлғалар). Астана қаласы «ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығы» ММ мамандары мен өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаушыны қатыстыра отырып, Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыбында онлайн оқыту жүргізілді.</p> <p>Ғимараттар мен орынжайларды өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру тұрақты негізде жүргізіледі. Жұмыскерлердің жұмыс орындары ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарымен (медициналық қобдишалар, маскалар, қолғаптар, антисептиктер және т.б.) жабдықталған.</p> <p>2023 жылы өрт қауіпсіздігі бөлігінде 125 227 570 теңге (2022 жылы – 68 103 100 теңге), еңбекті қорғау бөлігінде 23 404 260 теңге (2022 жылы – 16 692 930 теңге) жоспарланып, игерілді.</p>
<p>Жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту</p>	<p>Мемлекеттік корпорацияда оқытудың 2 түрі жұмыс істейді – ішкі және сырттай.</p> <p>Ішкі оқытуға мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары, сервистік қызмет көрсету, Іскерлік әдеп кодексі, терроризмге қарсы іс-қимыл, дербес деректер және оларды қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тұрақты негізде сабақтар өткізу қамтылады. Филиалдарда 15 090 жұмыскер үшін 124 308 ішкі сабақ өткізілді. Оның ішінде мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері өткізген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша</p>

	<p>семинар-кеңестер – 4 628, «Аманат» партиясының өкілдері өткізген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі семинар-кеңестер - 575.</p> <p>Оқыту жүйесін жаңғырту жобасы шеңберінде, 2023 жылғы маусым айында Мемлекеттік корпорацияның 1 300 мемлекеттік қызметі мен сервистері бойынша Білім базасы әзірленді.</p> <p>Сырттай оқытуды HR блогы ұйымдастырды және жеткізушілер келесі тақырыптар бойынша семинарлар өткізу қызметін жүргізді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау - 250 қатысушы; 2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік - 250 қатысушы; 3. Келісім комиссиясының мүшелерін оқыту - 203 қатысушы; 4. Өрт қауіпсіздігі - 250 қатысушы; 5. Қызмет үздіксіздігін басқару жүйесі. Ішкі бақылау жүйесі. Бағалау және индикаторлар - 36 қатысушы; 6. Сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001:2015 Халықаралық стандарты). Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиті (ISO 19001:2018 Халықаралық стандарты) – 75 қатысушы; 7. Кәсіби бухгалтер - 2 қатысушы; 8. Кәсіби бухгалтердің құзыреттерін дамыту - 50 қатысушы; 9. Мемлекеттік құпияларды қорғау - 3 қатысушы; 10. Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру үшін жүйелі тәсіл - 40 қатысушы.
<p>Жұмыскерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру</p>	<p>Мемлекеттік корпорацияда Мемлекеттік корпорация қызметкерлері үшін адалдық бағдарламасы жұмыс істейді, ол саудагерлер желілерінде (азық-түлік және дәріхана желілері, спорттық-сауықтыру кешендері, кафелер мен мейрамханалар, ойын-сауық мекемелері және т.б.) жеңілдікті шарттар алуға, сондай-ақ банк өнімдері бойынша жеңілдікті жеке шарттарды, оның ішінде жеңілдікті ипотекалық кредиттеу бағдарламаларын қосуға мүмкіндік береді.</p> <p>Адалдық бағдарламасы шеңберінде 2022 жылдан бастап «Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен шарт қолданылады. Банк Мемлекеттік корпорация қызметкерлеріне ипотекалық тұрғын үй қарыздарын мынадай жеңілдікті негізгі шарттармен ресімдеу мүмкіндігін берді: кредиттеу ставкасы – жылдық 10% (нарықтық шарттар – 18,5%-дан); бастапқы жарна – мүлік құнының 10%-нан (нарықтық шарттар-20%-дан); ұйым үшін комиссияның күшін жою (нарықтық шарттар – 1%-дан комиссияқарыз мерзімі - 6 айдан 20 жылға дейін; қосалқы қарыз алушыны тарту мүмкіндігі көзделген.</p>
<p>Мемлекеттік корпорацияда жұмыскерлерді басшылық лауазымдарға тағайындау</p>	<p>Гендерлік теңдік конвенциясын орындау мақсатында, 2023 жылдың соңында басшы лауазымдарда жұмыс істейтін әйелдердің үлесі басшы лауазымдардың жалпы санының 51% құрады, яғни 1 071 әйел</p>

кезіндегі инклюзивтілік

Мемлекеттік корпорацияның түрлі басшы лауазымдарында жұмыс істейді (2022 жылы - 44% немесе 813 басшы әйел).

Еңбек қатынастарының тәжірибесі

Мемлекеттік корпорацияның негізгі активі білікті кадрлар болып табылады, олардың жұмыс тиімділігінен Мемлекеттік корпорацияның өндірістік нәтижелері мен одан әрі дамуы байланысты.

Мемлекеттік корпорацияның 3 жылдағы кадрлар санының серпині:

Жылдар	Жалпы саны	Штаттық саны	Басқарма аппараты	Орталық филиал	Филиалдар	Штаттан тыс қызметкерлер
2021	22 068,7	18466,5	360	173	17933,5	3602,2
2022	22 068,7	18466,5	362	172	17932,5	3602,2
2023	21 476,5	18 466,5	343	168	17 955,5	3 010,0

Блоктар бойынша Мемлекеттік корпорацияның саны келесідей:

әкімшілік - басқару аппараты - 1 983,5 (9%);

өндірістік басқармалар - 2 587 бірлік (14%);

халыққа қызмет көрсету бөлімдері - 8 242 (45%);

әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдері - 2 242 (12%);

тіркеу және жер кадастры бойынша бөлімдер - 2 824 (15%);

Бірыңғай байланыс орталығы 1414 - 588 бірлік (3%).

Кадр құрамы бойынша деректер:

Құрылымдық бөлімше	Жоғары білім	Орташа жұмыс өтілі	Мемлекеттік корпорациядағы орташа еңбек өтілі	29 жасқа дейінгі жас	Жынысы	
					еркек	әйел
Басқарма аппараты	100%	17 жыл	8 жыл	11%	57	43
Орталық филиал	99%	15 жыл	11 жыл	7%	85	15
Филиал	86%	14 жыл	7 жыл	22%	65	35
Барлығы	95%	15 жыл	8 жыл	13%	69	31

Есепті жылы кадрлардың ауысуы (айналымы) бойынша көрсеткіш жақсарды. 2023 жылы кадрлар айналымы штат санының 10,4% немесе 2 230 қызметкерді құрады (2022 жылы - 11,7% немесе 2 363 қызметкер).

Еңбек шарттарын бұзу негіздері:

қызметкердің бастамасы бойынша - 1875 (84%);

теріс себептер бойынша - 29;

тараптардың келісімі бойынша - 15;

негізгі қызметкердің шығуына байланысты - 125;
 тараптардың еркіне тәуелді емес мән-жайлар бойынша - 21;
 зейнетке шығуға байланысты - 105;
 еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін - 51;
 штат санын қысқарту туралы - 9.

Мотивация және қатысу

Ұжымды біріктіру және корпоративтік құндылықтарды дамыту үшін Мемлекеттік корпорацияда түрлі іс - шаралар өткізіледі.

2023 жылы Басқарма аппаратының ұйымдастыру комитетімен бірлесіп, «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу ғашықтар күні», «7 мамыр - Отан қорғаушылар күні», «Балаларды қорғау күні» аниматорларды шақырумен, «Әкелер күні» іс-шаралары өткізілді, Мемлекеттік корпорация жұмскерлері тарапынан оң пікірлерге ие болған «Алғыс карточкалары» құралы іске қосылды, жыл бойы корпоративтік мәдениетті нығайту үшін команда құру іс-шаралары өткізілді.

Наурыз мейрамы дәстүрлі түрде ұлттық дәстүрлер мен салт - дәстүрлер туралы конкурстар мен театр көріністерін өткізумен, ұлттық стильдегі үй - жайларды безендірумен және ұлттық тағамдармен дастархан жайумен атап өтіледі.

Салауатты өмір салтын насихаттау және спорттық шеберлікті арттыру үшін жыл сайын спартакиада өткізіледі. 2023 жылы «Бір команда - бір мақсат» спартакиадасы үстел теннисі, футбол, пейнтбол бойынша турнирлер өткізіліп, жеңімпаздарға кубоктар, кәдесыйлар, грамоталар табысталды.

Өкілдік ету, әлеуметтік - еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай - ақ жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында Мемлекеттік корпорацияда 18 бастауыш кәсіподақ ұйымдарынан тұратын және кәсіподақтың 7 745 мүшесін біріктіретін Жергілікті кәсіподақ жұмыс істейді (2022 жылы - 7 045).

2023 жылы кәсіподақ ұйымдарының атына 944 өтініш келіп түскен, оның ішінде ең көп өтініштер саны әртүрлі өмірлік жағдайлар бойынша, санаторий-сауықтыру емі мәселелері бойынша, «Мектепке жол» акциясы бойынша, тұрғын үй-тұрмыстық сипаттағы, еңбекақы төлеу шарттары, салынған жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау, еңбек жағдайларын жақсарту және басқа да мәселелерге қатысты болды. 929 өтініш қанағаттандырылды.

Кәсіподақ ұйымдарының өкілдері тәртіптік комиссиялардың, сыйақы жөніндегі комиссиялардың, келісу комиссияларының жұмысына қатысады.

2023 жылы бастауыш кәсіподақ ұйымдарының өтінімдері бойынша 104 432 866 теңге бөлініп (2022 жылы - 80 002 303), игерілді. Ішкі құжаттарға сәйкес мүшелік жарналар есебінен түрлі аспектілер бойынша 19 833 515 теңге сомасына 776 кәсіподақ мүшелеріне қайырымдылық қаржылық көмек көрсетілді, оның ішінде некеге тұру 48 адам, бала туу - 265, мерейтойлық күндер - 200, емдеу - 67, зейнетке шығу - 20, төтенше, күтпеген жағдайлар бойынша - 30, жақын туыстарының қайтыс болуы - 146. Лагерьлерде сауықтыру демалысына 27 бала жіберілді. «Мектепке жол» акциясы бойынша 244 бірінші сынып оқушыларына қаржылай көмек көрсетілді, қарттар күніне орай концерттік бағдарламалар мен сыйлықтар табысталған шай кештері ұйымдастырылды.

Кәсіподақ Мемлекеттік корпорацияның мәдени-бұқаралық, спорттық

және мерекелік іс - шараларын ұйымдастыруға да қатысты, оған 84 599 350 теңге бағытталып, игерілді.

Корпоративтік мәдениетті жетілдіру жөніндегі жұмыстың нәтижесінде 2023 жылы жүргізілген персоналды тарту диагностикасының нәтижесінде қатысу деңгейі 85% - құрады. Сауалнамаға 10 349 адамның немесе 61%-ы (2022 жылы – 12 166 адам қамтылған 82%) қатысты.

8. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Тұрақты даму саласындағы табысты және тиімді қызметті жүргізу үшін Мемлекеттік корпорацияда мүдделі тараптармен өзара әрекет етуге тиісті көңіл бөлінеді. Мүдделі тараптардың тізбесі, олардың Мемлекеттік корпорацияға ықпал ету және мүдделі тұлғалармен қатынастарды басқару дәрежесі Мемлекеттік корпорацияның Стейкхолдерлер картасында айқындалған. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша 2023 жылы Мемлекеттік корпорацияның стейкхолдерлер тізбесі, стейкхолдерлердің маңыздылығы мен ықпал ету дәрежесі бойынша өзгерістер орын алды. 2023 жылғ бойынша Стейкхолдерлер картасы келесідей және Мемлекеттік корпорация Басқармасының қайта бекітуіне жатады.



Стейкхолдер атауының астындағы сандар стейкхолдердің мүдделілік деңгейін (-5-тен +5-ке дейін бағаланады, мұндағы «-5»-ең белсенді қарсылық, «+5»-максималды қолдау) және стейкхолдердің әсер ету дәрежесі (0-ден 5-ке дейін бағаланады) көрсетеді.

Мүдделі тараптардың негізгі топтары

Жалғыз акционер

Берілген ақпарат	Байланыс әдістері
Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын Мемлекеттік корпорацияның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Жалғыз акционердің КРІ-күтулерін орындау «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында көзделген ақпарат	Ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінде Жалғыз акционердің мүдделерін білдіру Кеңестер, жұмыс кездесулері, стратегиялық сессиялар Корпоративтік сайтта жариялау Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты ашу

Директорлар кеңесі

Берілген ақпарат	Байланыс әдістері
Мемлекеттік корпорацияның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында көзделген есептік ақпарат Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің ұсынымдары мен тапсырмаларын орындау туралы	Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу Жұмыс кездесулері, стратегиялық сессиялар Корпоративтік сайтта жариялау

Басқарма

Берілген ақпарат	Байланыс әдістері
Мемлекеттік корпорацияның қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат Басқарманың алдын ала қарауына шығарылатын «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында көзделген есептік ақпарат Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген ақпарат Хаттамалық тапсырмаларды орындау туралы	Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Басқарма отырыстарына, аппараттық және өзге де кеңестерге қатысу Жұмыс кездесулері, стратегиялық сессиялар

Қызметкерлер

Берілген ақпарат	Байланыс әдістері
Қазақстан Республикасының заңнамасына және Мемлекеттік корпорацияның ішкі құжаттарына сәйкес құпия болып табылатыннан басқа кез келген ақпарат	Кездесулер, конференциялар, жұмыс кеңестерін өткізу, жоғары менеджменттің қызметкерлер алдында сөйлеген сөздері Сауалнама жүргізу, қатысу деңгейін зерттеу Жұмыс топтары Корпоративтік іс-шаралар, таунхолдлар

Кәсіподақ

Берілген ақпарат	Байланыс әдістері
Қазақстан Республикасының заңнамасына және Мемлекеттік корпорацияның ішкі	Кездесулер, конференциялар, жұмыс кеңестерін өткізу

құжаттарына сәйкес құпия болып табылатыннан басқа кез келген ақпарат	Корпоративтік сайтта жариялау пресс-релиздерді тарату Жұмыс топтары
--	--

Мемлекеттік органдар

Берілген ақпарат Мемлекеттік корпорацияның қызметі туралы ақпарат	Байланыс әдістері Ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну Тапсырмаларды орындау Жиналыстар, жұмыс кездесулері
---	---

Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл

Берілген ақпарат Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, олардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі ақпарат	Байланыс әдістері Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету Тапсырмаларды орындау
--	---

Көрсетілетін қызметті берушілер

Берілген ақпарат Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша ақпарат	Байланыс әдістері Ақпаратқа қолжетімділік ұсыну Кеңестер, жұмыс кездесулері Көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша салыстырып тексеру
---	--

Көрсетілетін қызметті алушылар

Берілген ақпарат Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен сервистер бойынша ақпарат	Байланыс әдістері Ақпаратқа қолжетімділік ұсыну Сұрақ-жауап жүргізу, қанағаттану деңгейін зерттеу Корпоративтік сайтта және Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарда жариялау Баспасөз хабарламаларын тарату
---	--

Серіктестер

Берілген ақпарат Шарттар мен келісімдерді орындау үшін қажетті ақпарат	Байланыс әдістері Ақпаратқа қолжетімділік ұсыну Бірлескен жұмыс топтары Кеңестер, келіссөздер, жұмыс кездесулері, іскерлік хат алмасу
--	---

Жеткізушілер / контрагенттер

Берілген ақпарат Тапсырыстарды, шарттар мен келісімдерді орындау үшін қажетті ақпарат	Байланыс әдістері Ақпаратқа қолжетімділік ұсыну Кеңестер, келіссөздер, жұмыс кездесулері, іскерлік хат алмасу
---	--

Бұқаралық ақпарат құралдары

Берілген ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына және Мемлекеттік корпорацияның ішкі	Байланыс әдістері Мемлекеттік корпорацияның сайтында және БАҚ-та баспасөз хабарламаларын,
--	---

құжаттарына сәйкес құпия болып табылатыннан басқа кез келген ақпарат

ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды жариялау
Баспасөз хабарламаларын тарату
БАҚ сұрауларына жауаптар ұсыну
Баспасөз конференцияларын, брифингтер, баспасөз турларын, форумдар, инфосессиялар және басқа да медиа іс-шаралар өткізу

Бәсекелестер

Берілген ақпарат

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Мемлекеттік корпорацияның ішкі құжаттарына сәйкес құпия болып табылатыннан басқа, сұрау салу бойынша ақпарат

Байланыс әдістері

Ақпаратқа қолжетімділік ұсыну
Келіссөздер, жұмыс кездесулері, іскерлік хат алмасу

IV. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

9. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Мемлекеттік корпорацияда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ отандық және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, корпоративтік басқару жүйесі құрылған. Мемлекеттік корпорация ұйымның ағымдағы қызметін қолдап қана қоймай, даму шамасына қарай халықтың өзгеріп отыратын қажеттіліктерін ескеріп, сондай-ақ акционер мен барлық мүдделі тараптардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуі үшін басқару тәсілдері мен қағидаттарын үнемі жетілдіріп отырады.

Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару жүйесі Мемлекеттік корпорацияның қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестер жиынтығын, сондай-ақ атқарушы орган, Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

Мемлекеттік корпорацияның қолданыстағы корпоративтік басқару жүйесі Мемлекеттік корпорацияның басқару органдары, лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды, мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның заңнамасы мен ішкі құжаттарына сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Органдардың құзыреттері мен шешімдер қабылдау тәртібі Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында айқындалып, бекітілген.

Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігі ашықтықты, бақылауды және өкілеттіктердің аражігін ажыратуды қамтамасыз ететін және уақытылы ден қою арқылы әртүрлі тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік беретін деңгейлердің әрқайсысында дұрыс құрылған корпоративтік басқару процестері есебінен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылайды, ал Корпоративтік хатшы оның үздіксіз

жетілдірілуін үйлестіреді.

Жалғыз акционер 2020 жылғы 25 желтоқсанда бекіткен (№ 476/НҚ бұйрық) Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексі (*бұдан әрі – Кодекс*) корпоративтік басқару тәжірибесін құру және жақсарту негізделетін негізгі құжат болып табылады. Кодекс Мемлекеттік корпорацияда корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді. Директорлар кеңесі мен Ішкі аудит жөніндегі комитет Кодекстің қағидаттары мен негізгі ережелерінің енгізілуіне бақылау жүргізеді. Кодекстің талаптарына сәйкес Корпоративтік хатшы жыл сайын Кодексті Мемлекеттік корпорацияның оның қағидаттары мен ережелерін сақтауы тұрғысынан талдайды және Директорлар кеңесінің бекітуіне есеп береді.

Сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 182-бабында корпоративтік басқаруды кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз бағалау жүргізу көзделген, оның нәтижелері компанияның Интернет-ресурсында орналастырылады. Бұдан басқа, ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 6 маусымдағы № 157 бұйрығымен бекітілген Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау қағидаларына сәйкес, корпоративтік басқаруды бағалауды тәуелсіз ұйымдар акционерлік қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кемінде үш жылда бір рет жүргізеді.

Көрсетілген талаптарды ескере отырып, корпоративтік басқару деңгейін бағалау, оның ішінде Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен түйінді ережелерін сақтау / сақтамау мәселесі бойынша, 2021 жылғы 1 қаңтар мен 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығы кезеңінде корпоративтік басқару жүйелерін диагностикалау және жетілдіру саласында қызметтер көрсетуге және осы сала мен басқа да байланысты салаларда тиісті жұмыс тәжірибесі бар Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін бағалауға мамандандырылған компанияны тарту арқылы 2024 жылы жүргізілетін болады. Осыған байланысты, 2023 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау / сақтамау туралы есеп тәуелсіз ұйым жүргізген корпоративтік басқару диагностикасы шеңберінде қалыптастырылатын болады және оны Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін Мемлекеттік корпорацияның gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылатын болады.

Корпоративтік басқарудың жалпы қабылданған қағидаттарына сүйене отырып, Мемлекеттік корпорацияда тәуелсіз директорлар, Директорлар кеңесінің жанындағы 4 Комитет, Омбудсмен, Комплаенс бақылау қызметі, Ішкі аудит қызметі, Тәуекел-менеджмент қызметі жұмыс істейді.

2023 жылы Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі 2023 жылғы 21 шілдеде бекіткен (№ 01-02-02/04 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі - Жоспар) сәйкес жүргізілген Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Жоспар корпоративтік басқару процестерінің бірізділігін қамтамасыз етуге және оның қағидаттарын ұстануға бағытталған 35 іс - шараны іске асыруды көздейді.

Қазіргі уақытта Жоспардың 35 іс-шарасының 15 іс-шарасы орындалды, 20 іс-шараның орындалу сатысында.

Аталған Жоспардың іс-шараларын іске асыру корпоративтік басқару жүйесінің нәтижелілігін және жалпы Мемлекеттік корпорация қызметінің тиімділігін арттыруда айтарлықтай мән бергенін атап өткен жөн.

2023 жылы Директорлар кеңесінің қызметін бағалау процесі жалғасты, оның қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсыныстары мен ұсынымдары Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрініс тапты.

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі Мемлекеттік корпорацияның қызметін реттейтін келесі құжаттарды қарап, бекітті: жаңа редакциядағы Мемлекеттік корпорацияның Комплаенс бақылау қызметі туралы ереже; жаңа редакциядағы Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты; Мемлекеттік корпорацияны Бастамашылық ақпараттандыру саясатына өзгерістер мен толықтырулар; жаңа редакциядағы Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу саясаты; жаңа редакциядағы Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметі, Комплаенс бақылау қызметі және Корпоративтік хатшы қызметі жұмыскерлерінің қызметінің тиімділігін бағалау қағидалары; Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің Аудит комитеті туралы ереже; Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әдеп комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтыру.

Ақпараттың ашықтығы мен оны ашу қағидатын енгізу жөніндегі жұмыс шеңберінде. Мемлекеттік корпорация Басқармасы Ақпаратты ашу туралы ереженің талаптарын уақытылы орындайды, Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің және Басқарманың құрамы туралы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері мен міндеттері туралы мәліметтерді қоса алғанда, Мемлекеттік корпорацияның жұмыс істеуінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты тұрақты негізде ашуды жүзеге асырады.

Ұйымдық құрылым

Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқаруының негізі Мемлекеттік корпорация қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейтін және оның табысты қызметіне, оның ішінде беделінің өсуіне, қаржылық тұрақтылықты сақтауға ықпал ететін тиімді басқару құрылымы болып табылады.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 40 тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияның басқару органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылау орган - Ішкі аудит қызметі.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 48 - тармағының 5) тармақшасына сәйкес ұйымдық құрылымды бекіту Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 6 қазандағы шешімімен (№ 01-01-

02/08 хаттама) Мемлекеттік корпорацияның ұйымдық құрылымы бекітілді:

1. Директорлар кеңесі;
2. Корпоративтік хатшы қызметі;
3. Ішкі аудит қызметі;
4. Комплаенс бақылау қызметі;
5. Омбудсмен;
6. Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппараты;
7. Мемлекеттік корпорацияның Әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиалы;
8. Мемлекеттік корпорацияның облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша филиалдары;
9. Агрохимиялық, топырақты зерттеу және кешенді-ізвестіру жұмыстары департаменті - Алматы қаласындағы Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалы.



Мемлекеттік корпорацияның меншік құрылымы

Жарияланған (шығарылған) жай акциялар саны: 40 377 176 дана;

Орналасырылған және төленген жай акциялар саны: 40 377 176 дана;

Акцияның номиналды құны: 1 000 теңге.

Меншік құқықтарына билік ету тәртібі:

Мемлекеттік корпорацияның жалғыз акционері - Қазақстан Республикасының Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - ММЖК);

Мемлекеттік корпорацияның барлық акциялары қарапайым жай акциялар болып табылады, Жалғыз акционердің құқықтары «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 14-бабының талаптарына сәйкес келеді. Жалғыз

акционердің Мемлекеттік корпорацияның мүлкіне қатысты басым меншік құқығы бар;

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, сондай-ақ негізгі басшы жұмыскерлер Мемлекеттік корпорацияның акцияларына иелік етпейді.

2023 жылғы 31 желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның жарғылық капиталы – 40 377 176 мың теңгені, жеке капиталы 45 845 985 мың теңгені құрады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес, Мемлекеттік корпорация өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс алуды көздемейтін және алынған таза табысты Жалғыз акционердің пайдасына бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның таза кірісі (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Мемлекеттік корпорацияның иелігінде қалады және Мемлекеттік корпорацияны дамытуға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорация өзінің қызметін жүзеге асыруға қаражат тарту мақсатында акциялар шығаруды жүзеге асырады, оның кірістері тек қана оның жұмыскерлері мен көрсетілетін қызметті алушылар үшін қажетті жағдайларды дамытуға және жасауға пайдаланылады. Осыған байланысты, 2023 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төленген жоқ, ал алынған пайда Мемлекеттік корпорацияны дамытуға бағытталған.

10. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционері ҚР Үкіметі атынан ММЖК болып табылады. Мемлекеттік корпорация акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын орган - ЦДИАӨМ.

Мемлекеттік корпорация Жарғысының 7-тармағына сәйкес, ЦДИАӨМ шешімі ММЖК-мен келісу бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді дербес қарайды және қабылдайды.

Жалғыз акционермен өзара әрекет ету оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз етуден тұрады және адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру Заңға және Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Акционердің құқықтарына ҚР заңнамасында, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарда белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақытылы алу қамтылады, бірақ олармен шектелмейді.

Мәселен, Жалғыз акционердің есептік кезең ішінде толық және анық ақпарат, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері туралы, басқару туралы, оның қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты елеулі фактілер туралы ақпарат алу мүмкіндігі болды.

Жалғыз акционердің өз құзыреті шеңберінде қабылдаған шешімдері Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады.

Есептік кезеңде Мемлекеттік корпорация Жалғыз акционердің қарауына 15 мәселе шығарған, олар бойынша ақпарат «2023 жылғы маңызды корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат» кіші бөлімінде берілген.

11. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Заңмен және Мемлекеттік корпорацияның Жарғысымен Жалғыз акционер мен Басқарманың ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі өз функцияларын ҚР заңнамасына, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Мемлекеттік корпорацияның өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Заңның 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Жарғының 41-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады.

Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Жарғының көрсетілген тармағында Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған.

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның мүдделеріне барынша сәйкес келетін объективті шешімдер қабылдаудың кепілі болып табылатын тәуелсіз директорлардың болуы қамтамасыз етілген.

2023 жылғы 1 қаңтарға Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі келесі 11 мүшеден тұрды:

Директорлар кеңесінің төрағасы		
1	Тұрысов Әсет Нұрланұлы	ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі
Директорлар кеңесінің мүшелері		
2	Оспанов Ербол Дүйсебайұлы	ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
3	Бекбауов Бағлан Әбдашымұлы	ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі
4	Тәшенев Бақытбек Хақімұлы	ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы
5	Теміржанов Мұрат Баритұлы	ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы
6	Абишев Бақыт Шалхарұлы	ҚР Әділет министрлігі аппаратының басшысы
5	Әбділдин Сүйеніш Төлеуханұлы	Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасы
Директорлар кеңесінің мүшелері - тәуелсіз директорлар		
6	Бегімбетов Ерғали Нұрланұлы	тәуелсіз директор
7	Балиева Загипа Яхияқызы	тәуелсіз директор
8	Ивар Талло	тәуелсіз директор
9	Найзабекова Ақмарал Серікқызы	тәуелсіз директор

2023 жыл ішінде Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің құрамы өзгеріп, 2023 жылғы 31 желтоқсан бойынша келесі 10 мүшеден тұрды:



ТҰРЫСОВ Әсет Нурланұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2022 жылғы 25 сәуірдегі шешімімен (№ 137/ НК бұйрық).

Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған күні: Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 мамырдағы шешімімен (№ 01-01-02/04 хаттама).

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1987 жылғы 10 қараша

Білімі: 2009 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Математикалық және компьютерлік модельдеу бакалавры» мамандығы бойынша, 2017 жылы «Нархоз» университетін «Экономика бакалавры» мамандығы бойынша бітірген.

Мемлекеттік корпорацияның, сондай-ақ өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік ету: жоқ.



ОСПАНОВ Ербол Дүйсебайұлы

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2020 жылғы 27 тамыздағы (№ 309/НК бұйрық) және 2022 жылғы 25 сәуірдегі (№137/НК бұйрық) шешімдерімен.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1977 жылғы 16 қаңтар

Білімі: 1998 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Қолданбалы математика» мамандығы бойынша, 2002 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген.

Мемлекеттік корпорацияның, сондай-ақ өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік ету: жоқ.



БЕКБАУОВ Бағлан Әбдашымұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: Жалғыз акционердің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен (№ 509/ НҚ бұйрық).

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1983 жылғы 16 қаңтар

Білімі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін «Есептеу техникасы мен желілерін бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету»

мамандығы бойынша, М. Нәрікбаев атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

Мемлекеттік корпорацияның, сондай-ақ өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік ету: жоқ.



ТӘШЕНЕВ Бақытбек Хакімұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілі, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы.

Есептік кезеңде Басқарма 69 отырыс өткізген, оның ішінде 7 – ішкі нысанда, 62 – сырттай, онда 158 мәселе қаралған (2022 жылы – 52 отырыс, оның ішінде 20 ішкі және 32 сырттай, 194 мәселе қаралды). Басқарма отырыстары кестеге сәйкес жүзеге асырылады, онда Мемлекеттік корпорацияның қызметін қамтамасыз ету мәселелері (құрылым, сыйақы мәселелері, ішкі құжаттарды бекіту, есептік ақпарат және т.б.) қаралды.

Басқарманың қарау нәтижелері бойынша күн тәртібіндегі 32 мәселе бекітіліп, 117-і мақұлданды, 3 - назарға алынды, 2 - пысықтауға жіберілді, 1 - бас тартылды, 3 - қараусыз қалдырылды.

2022 жылмен салыстырғанда отырыстар саны 25%-ға ұлғайды, қаралған мәселелер саны 19%-ға азайды, сырттай нысандағы отырыстар ішкі отырыстардан басым болып қала береді.

14. СЫЙАҚЫЛАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Мемлекеттік корпорация Директорлар кеңесінің қызметіне байланысты шығыстарды көтереді, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз функцияларын жүзеге асыруына байланысты құжатпен расталған барлық шығыстарды өтейді.

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу шарттары мен тәртібі Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 04 қазандағы шешімімен (№ 262/нқ бұйрық) бекітілген Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларымен (*бұдан әрі – Қағидалар*) айқындалған.

Сыйақы төлеуді реттейтін аталған Қағидалардың ережелері Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер және Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлері болып табылатын мүшелеріне қолданылмайды (Қағидалардың 22-тармағының).

Осылайша, сыйақыны тек тәуелсіз директорлар алады. Корпоративтік басқарудың қолданылатын тәжіибесіне сәйкес сыйақының негізгі нысандары ретінде Мемлекеттік корпорация мыналарды пайдаланады:

1) Директорлар кеңесінің бір отырысына қатысқаны үшін негізгі сыйақы 830 000 (сегіз жүз отыз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді. Бұл ретте, аталған сыйақы Тәуелсіз директорға оның Директорлар кеңесінің ішкі және сырттай отырыстарына қатысқаны үшін төленеді;

2) Комитеттің төрағасы ретінде Директорлар кеңесі Комитетінің бір отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы 58 000 (елу сегіз мың) теңге мөлшерінде белгіленеді.

Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін тәуелсіз директорларға негізгі сыйақының жалпы сомасы 6 000 000 (алты миллион) теңгеден аспауы тиіс және Директорлар кеңесі Комитетінің отырысына Комитеттің төрағасы ретінде қатысқаны үшін қосымша сыйақының жалпы сомасы Мемлекеттік корпорацияның тиісті жылға арналған Даму жоспарында көзделген 350 000 (үш жүз елу мың) теңгеден аспауы тиіс.

Сонымен қатар Мемлекеттік корпорация олардың өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген лимиттерге сәйкес орындауға байланысты шығыстарды, атап айтқанда Комитеттер мен Директорлар кеңесінің ішкі және сырттай отырыстарына қатысуына байланысты шығыстарды, оның ішінде, тұратын не басым тұратын жеріне жол жүру шығыстары, тұрғын үй жалдау шығыстары мен тәуелсіз шығыстарды өтейді.

Сондай-ақ, Қағидаларға сәйкес, Егер осы тәуелсіз директорлардың іс-әрекеттері олардың Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшесінің функцияларын жүзеге асыруына байланысты болмағаны немесе Мемлекеттік корпорация үшін жағымсыз салдарларға әкеп соққаны анықталса, Мемлекеттік корпорацияның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің мүшелері шеккен шығыстарды өтеуден бас тарту туралы шешім қабылдай алады.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу олар келесі шарттарды орындаған жағдайда жүзеге асырылады:

1) Директорлар кеңесі мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында, Мемлекеттік корпорацияның Жарғысында, Мемлекеттік корпорацияның өзге де ішкі құжаттарында және директормен жасалған шартта көзделген міндеттерін адал орындау;

2) шешімдер қабылдау кезінде ҚР заңнамасының, Мемлекеттік корпорация Жарғысының және өзге де ішкі құжаттарының, сондай-ақ Жалғыз акционерінің шешімдерінің сақталуы;

3) Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарына қатысу, белгіленген тәртіппен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін толық және уақытылы білдіру.

Сонымен, 2023 жылы Мемлекеттік корпорацияның тәуелсіз директорларына төленген негізгі және қосымша сыйақының жалпы сомасы 24 690 000 теңгені құрады, оның ішінде 23 240 000 теңге сомасындағы негізгі сыйақыдан және 1 450 000 теңге сомасындағы қосымша сыйақыдан тұратын сыйақы, салықтар мен төлемдер - 2 385 357 теңге.

Есепті кезеңде тәуелсіз директорларға төленген шығыстардың өтемақысы 4 671 531 теңгені құрады.

Осылайша, 2023 жылы Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелерінің-тәуелсіз директорларының қызметіне байланысты барлық шығыстар барлық салықтар мен төлемдерді ескере отырып, 31 746 888 құрады.

Тәуелсіз директорларға акциялар түріндегі сыйақы төленбейді, өзге де жеңілдіктер берілмейді.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру туралы ақпарат, Мемлекеттік корпорацияның Басқарма мүшелеріне сыйақы беру шарттары мен тәртібі Басқарма туралы ережеде, Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлеріне, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне және Корпоративтік хатшысына еңбекақы төлеу қағидаларында, Мемлекеттік корпорацияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген Мемлекеттік корпорацияның басшы қызметкерлеріне қызмет тиімділігін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларында айқындалған.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен келісім бойынша лауазымдық жалақылардың мөлшерін, Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын айқындайды. Есептік жыл үшін шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы сыйақы төлеу үшін негізгі шарт болып табылады.

Сыйақы Директорлар кеңесі бекітетін корпоративтік және функционалдық көрсеткіштерден тұратын уәждемелік ҚНҚ орындалуына

байланысты бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша төленеді. Уәждемелік ҚНҚ Жалғыз акционердің кұтулерін және Мемлекеттік корпорацияның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге каскадтау арқылы ҚНҚ картасы түрінде әзірленеді. Бұл ретте, жыл қорытындысы бойынша сыйлықақылардың жалпы жылдық көлемі ЕТҚ қаражаты шегінде Басқарманың әрбір мүшесіне 6 лауазымдық айлықақыдан аспауы тиіс. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

Басқарма төрағасы мен мүшелерінің 2023 жылға арналған ҚНҚ карталары Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 01-01-02/02 шешімімен бекітілген және 5 корпоративтік және 31 функционалдық көрсеткіштерді қамтиды (2022 жыл - 5 корпоративтік және 28 функционалдық) .

Есеп бекітілген кезде Басқарма мүшелеріне 2023 жылдың қорытындысы бойынша сыйақы төленбеген.

Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мүдделі тұлғалар үшін Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы мөлшері туралы мәліметтерді ашады.

15. КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

15.1. Омбудсмен

Мемлекеттік корпорацияның Омбудсменін Директорлар кеңесі тағайындайды және оған жыл сайын жұмыс қорытындысы бойынша есеп береді. Омбудсменнің қызметі 2023 жылы Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің Іскерлік әдеп кодексін сақтауы міндеттерін іске асыруға, корпоративтік мәдениет жүйесін жетілдіруге, еңбек дауларының алдын алу және реттеу шараларын күшейтуге, сондай-ақ проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге ықпал етуге бағытталған Омбудсмен жұмысының жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Омбудсмен туралы ереже және оның байланыс деректері Мемлекеттік корпорацияның веб-сайтында орналастырылған.

2023 жылы қызмет барысында Мемлекеттік корпорацияның қаржысын үнемдеу мақсатында, негізінен қашықтан жұмыс форматы қолданылды. Сапарлар Түркістан облысы мен Шымкент қаласына жүзеге асырылған.

Омбудсменнің филиал басшыларымен әңгімелесуі барысында соңғылары еңбек заңнамасына, Мемлекеттік корпорацияның ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте туындайтын мәселелерді шешуге, жанжалды жағдайлардың алдын алуға, оларды ерте кезеңде сындарлы шешуге және әдеп нормаларын сақтау бойынша ұжымдарда жүйелі негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағдарланды. Жүйелі сипаттағы проблемалық мәселелерді анықтауға және оларды шешуге ықпал етуге ерекше назар аударылды.

Белгіленген қызмет шеңберінде жұмыскерлерді бақылау, сауалнама жүргізу, статистикалық материалдарды, әлеуметтік медидадағы жарияланымдарды зерделеу, құжаттарды талдау, оның ішінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің арасында ұжымның әлеуметтік әл-ауқатына әсер

ететін проблемалық мәселелерді шешу тұрғысынан 2021 жылғы сауалнама нәтижелері секілді мониторинг әдістері мен құралдары қолданылды.

Жалпылаудың қорытындысы бойынша Мемлекеттік корпорацияның қызметін ұйымдастыруды жақсарту, сыбайлас жемқорлық факторларын азайту, персоналдың қанағаттанбау себептерін азайту, олардың еңбек уәждемесін ынталандыру және Мемлекеттік корпорацияның имиджін арттыру мақсатында, басшылыққа төмендегілерге бағытталған келесі ұсынымдар берілді:

жұмыскерлердің Мемлекеттік корпорация қызметіне, оның ішінде жалақыны көтеру жолымен тартылуын күшейту;

KPI жүйесімен байланыстыру арқылы ынталандыру механизмдерін әзірлеу және енгізу;

персоналды қосымша материалдық ынталандыру үшін қаражатты жоспарлау;

өңірлерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша әдіснамалық жұмысты күшейту;

Мамандандырылған ХҚКО қызметін, оның ішінде басқарудың жаңа схемасын енгізе отырып, жетілдіру;

кадр мәселелерін қарау кезінде еңбек заңнамасын, меритократия қағидаттарын сақтау,

жанжалды жағдайлардың алдын алу және оларды ерте кезеңдерде шешу,

Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын сақтау бойынша жүйелі түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Бұдан басқа, персоналды басқарудың жүйелілігін және олардың ынталанушылығын қолдау үшін, кәсіби және мансаптық өсу, салаишілік еңбек ерекшеліктері, техникалық және ұйымдастырушылық қолдау, әлеуметтік-еңбек аспектілері, жанжалды жағдайлардың алдын алу, командалық жұмысты ұйымдастыру мәселелерін қозғайтын материалдық емес құралдарды пайдалана отырып, қосымша шаралар әзірлеу ұсынылады.

Нәтижесінде ҚР ЦДИАӨМ іс-шаралар кешенін қолдауымен, Мемлекеттік корпорация басшылығы филиалдар мен Басқарма аппараты жұмыскерлерінің жалақысын 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тиісінше 50 және 28 пайызға арттыру жөніндегі ұсынымды іске асырды, бұл жұмыскерлер арасындағы психологиялық ахуалға және олардың еңбекке ынталануына оң әсерін тигізді. Бұл туралы 2023 жылғы қараша айында жекелеген өңірлік филиалдардың (Түркістан, Атырау, Ақтөбе облыстары, Шымкент, Астана қалалары) орта буын басшылары мен қатардағы жұмыскерлері арасында жүргізілген іріктемелі сауалнамалардың нәтижелері және Омбудсменнің атына келіп түскен өтініштердің санын талдау куәландырады.

Есептік жылы Омбудсменнің қарауына 16 өтініш келіп түскен, оның 6-ы электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы және 10-ы - жеке қабылдауда.

Тамыз айында жеке қабылдауда Басқарма аппаратының 2 штаттан тыс жұмыскерінің жалақыны көтеру туралы өтініштері қаралған. Омбудсменнің ұсынысын және Мемлекеттік корпорацияның қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, аталған тұлғаларға 2023 жылғы 1 желтоқсанныан бастап жалақы көтерілді. Жеке қабылдауға жүгінген 8 жұмыскерге еңбек заңнамасының нормалары түсіндірілді.

Келіп түскен барлық өтініштер бойынша тиісті жұмыстар жүргізіліп, түсініктемелер берілді, жауаптар жіберілді, мүдделі тараптармен келіссөздер жүргізілді. Мысалы, 2023 жылғы қараша айында Басқарма аппаратының 6 жұмыскерінен 2023 жылғы еңбек демалысында болған кезеңде жалақыдан ақша қаражатын ұстап қалуға келіспеуге қатысты өтініш келіп түсті. Омбудсменнің Мемлекеттік корпорация басшылығына еңбек заңнамасының нормаларын түсіндіру жөніндегі ұсынымдарына сәйкес, аталған жұмыскерлер олардың мәселесінің оң шешілуіне байланысты, өтініштерін кері қайтарып алған.

Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын бұзуға келіспеуге байланысты өтініштер Омбудсменге түспеген. Қайта шағымдар да түспеген.

15.2. Комплаенс бақылау

2021 жылғы мамыр айынан бастап Мемлекеттік корпорацияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, ішкі реттеуші талаптардың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үздік тәжірибелердің сақталуын қамтамасыз ететін Комплаенс бақылау қызметі (*бұдан әрі – КБҚ*) жұмыс істейді.

КБҚ өз қызметінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Іскерлік әдеп кодексін және Мемлекеттік корпорацияның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Нормативтік құқықтық актілерде және Мемлекеттік корпорацияның ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдерін анықтау мақсатында, 2022 жылы КБҚ мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ кадрлық қамтамасыз ету және персоналды басқару саласында 2 сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдеріне ішкі талдау (*бұдан әрі – СТІТ*) жүргізген.

2023 жыл кезеңінде 4 сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай салаларда жүргізілді: коммерциялық активтер мен коммерциялық сервисті басқару; мемлекеттік жер кадастры; жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу; жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру.

Барлық СТІТ нәтижесінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдерін жою бойынша 85 іс-шара қамтылатын 6 түзету іс-әрекеттерінің жоспары әзірленді, оның ішінде 2022 жылы өткізілген СТІТ бойынша - 18 іс-шара, 2023 жылы өткізілген СТІТ бойынша - 67 іс-шара. Осы жоспарларға сәйкес 2023 жылы 35 іс-шара орындалған, 2 іс-шара ішінара орындалды, 5 іс-шара тұрақты бақылауда және 2 іс-шара бойынша орындау қабылданбады. Қалған 41 іс-шара үшін орындау мерзімі әлі келген жоқ.

Сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияда жалдау шарттарын, еңбек нормаларын, бухгалтерлік есепті, мемлекеттік сатып алу талаптарын бұзуға байланысты, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық, жұмыскерлер тарапынан ақпараттың таралу фактілері туралы құпия және анонимді (*өтініш берушінің*

қалауы бойынша) хабарлау үшін compliance.control@gov4c.kz электрондық поштасы және 1414 Байланыс орталығы арқылы бастамашыл хабарлау арналары («жедел желі») жұмыс істейді.

Мәселен, 2022 жылы КБҚ compliance.control@gov4c.kz электрондық пошта арқылы келіп түскен жұмыскерлер мен азаматтардың сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық саласында жасалған немесе дайындалып жатқан құқық бұзушылықтар, сондай-ақ мінез-құлықтың этикалық нормаларын бұзу туралы өтініштері бойынша бірыңғай маршрутизатордың жұмыс істеуі шеңберінде 52 өтініш қаралған. Нәтижесінде екі жұмыскерге тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылды, сондай-ақ түсіндірме әңгімелесу жүргізіліп, техникалық қателерді жою туралы ұсыныстар енгізілді.

2023 жылы КБҚ-ға келіп түскен өтініштер саны 280 құрады, бұл 2022 жылғы өтініштер санынан 5 есеге артық. Бұл өсім интернет-ресурстарда өтініштерді қабылдау туралы ақпаратты орналастырумен, Мемлекеттік корпорацияның ғимараттарында баннерлерді орналастырумен, сондай-ақ 2023 жылы Мемлекеттік корпорация жұмыскерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар туралы хабарлау үшін «жедел желі» ретінде 1414 Бірыңғай байланыс нөмірін енгізумен түсіндіріледі.

2023 жылы келіп түскен өтініштерді қарау нәтижелері бойынша: 5 жұмыскер тәртіптік жауапкершілікке тартылған, 1 іс жауапкершілікке тарту мерзімінің өтуіне байланысты қаралмады, 1 жұмыскер басқа лауазымға ауыстырылды, сондай-ақ 4 материал іс жүргізу шешімін қабылдау үшін құқық қорғау органдарына берілді, оның 3-уі жұмыс процесінде, ал 1 қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған.

Әлеуетті контрагентпен мәміле жасасу кезінде ықтимал тәуекелдерді бағалау туралы шешімдер қабылдау кезінде көмек көрсету мақсатында, 2023 жылдан бастап КБҚ контрагенттерді кешенді тексеру (*бұдан әрі – ККТ*) жүргізеді. Мәселен, 2023 жылы ККТ өткізуге 21 өтінім түскен. Сонымен қатар 2023 жылдың 4-тоқсанында ККТ өтінімдерін жіберу процесіне тестілеу жүргізілді. Тестілеу қорытындысы бойынша КБҚ-ға ККТ өткізуге өтінімдер жіберілмеген 27 шарт анықталды. Тестілеу нәтижелері ескеріле отырып, барлығы 48 ККТ орындалды.

ККТ шеңберінде: 3 мәміле – жоғары деңгеймен, 27 мәміле – орташа деңгеймен, 16 мәміле – төмен тәуекел деңгейімен белгіленді. Екі мәміле бойынша тексеру жүргізілмеген, себебі контрагенттер мемлекетке тиесілі және/немесе бақыланатын, сондай-ақ ККТ саясатына сәйкес ерекшеліктер тізіміне жататын компаниялар болып табылады.

КБҚ қызметінің маңызды бағыттарының бірі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Мемлекеттік корпорацияның әрбір жұмыскері сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті білдіретін құндылықтар жүйесін қолдауға және нығайтуға бағытталған өзінің міндеттеріне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға жауаптылықта болады. Бұған білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық әрекеттер қамтылатын әртүрлі іс-шаралар арқылы қол жеткізіледі.

Осыған байланысты, Басқарма аппараты мен оның филиалдарының жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл

мәселелері бойынша оқыту жүргізіледі. Сондай-ақ жаңадан қабылданған барлық жұмыскерлер Мемлекеттік корпорацияның комплаенс саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен (*Сыйлықтар, мәдени-ойын-сауық және өзге де өкілдік іс-шаралар саласындағы саясат, Бұзушылықтар туралы бастамашыл ақпараттандыру саясаты, Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу саясаты, Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты*) міндетті түрде танысып, кейіннен тестілеуден өтеді. 2022 жылы КБҚ комплаенс саласындағы үш саясат бойынша (*Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу саясаты, Сыйлықтар, мәдени-ойын-сауық және өзге де өкілдік іс-шаралар саласындағы саясат, Бұзушылықтар туралы бастамашыл ақпараттандыру саясаты*) жеке-жеке оқыту және тестілеу жүргізілді. Оқыту мен тестілеуден орта есеппен 12 700-ден астам жұмыскер өтті.

2023 жылғы 31 желтоқсан бойынша жаңадан қабылданған жұмыскерлерді комплаенс саласында оқыту және тестілеу 2 278 жұмыскерді құрады, оның ішінде 2 198-і оқудан өтті, 49-ы жұмыстан шықты немесе демалыста болды, 31-і оқудан өтпеді.

Сонымен бірге КБҚ Басқарма аппаратының жұмыскерлерін, сондай-ақ филиал жұмыскерлерін жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысының бар-жоғын тексеруді жүзеге асыра отырып, персоналды жұмысқа қабылдау процесіне қатысады.

2022 жылы мүдделер қақтығысының болуы/болмауы туралы келіп түскен 298 декларацияның 295-не тексеру жүргізілді. Оның ішінде еңбек қатынастары саласында мүдделер қақтығысының 12 жағдайы және 1 тәуекел анықталды. Сондай-ақ мүдделер қақтығысының болуына тексеру жүргізу шеңберінде, КБҚ мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу үшін қажетті тізілімдерді тұрақты негізде қалыптастырады.

2023 жылы 945 декларацияға мүдделер қақтығысының болуы/болмауына тексеру жүргізілді, 66 мүдделер қақтығысы мен тәуекелдер фактісі анықталды, оның ішінде: еңбек қатынастары саласында – 52, коммерциялық қатынастар саласында – 2 және өзге сипатта - 12 тәуекел. Жүргізілген талдаулардың нәтижелері бойынша 2023 жылы Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу саясатын бұзғаны үшін 6 жұмыскер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

КБҚ Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының Сыйлықтар, мәдени-ойын-сауық және өзге де өкілдік іс-шаралар саласындағы саясатты сақтауына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Осы Саясатқа сәйкес сыйлықты беру немесе қабылдау үшін оны алуға немесе сыйға тартуға КБҚ-ға өтінім беру талап етіледі.

2022 жылы 6 заңды тұлғаға қатысты сыйлық беруге 1 өтінім берілген, ал 2023 жылы 9 компания мен 10 жеке тұлғаға сыйлық беруге 2 өтінім берілген.

2023 жылы КБҚ бірнеше тақырыптар бойынша имидждік бейнероликтер дайындау бойынша да жұмыс жүргізді: «көмекшілердің» көмегінсіз мемлекеттік қызметтерді алу туралы, сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдері бойынша Мемлекеттік корпорацияның ақпараттандыру арналары туралы, КБҚ жұмысы туралы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде пара алуға және түрлі сыйлықтар алуға тыйым салу туралы, сондай-ақ Call-

орталықтың нөмірін көрсете отырып, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алуға бағытталған шағын ролик. Бұл бейнелер барлық филиалдарға таратылып, филиалдар ішінде де, Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік желілердегі ресми беттерінде де таратыла бастады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және нығайту шеңберінде, КБҚ Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында сауалнама жүргізді.

Сауалнамаға Мемлекеттік корпорацияның 10 202 жұмыскері немесе жұмыскерлердің жалпы санының 60% қатысты, оның ішінде 1 219 (11,9%) – басшылар, 8 983 (88,1%) – мамандар.

Сауалнама нәтижелері филиалдар қызметінің нақты бағыттарына, олардың пайда болуына ықпал ететін себептер мен жағдайларға және оларды жою жолдарына тән жекелеген сыбайлас жемқорлық, алаяқтық тәуекелдердің және әдепсіз мінез-құлықтардың бар екенін көрсетті.

Сонымен бірге сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар ретінде: төмен жалақы (49,3%) және қоғамдық бақылаудың болмауы (8,4 %) көрсетілді.

КБҚ тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесіне қарау үшін өз қызметі туралы есеп береді. Есепте орындалған жұмыстар туралы толық ақпарат болады, сондай-ақ проблемалық аспектілерге талдау жүргізіліп, оларды шешу жолдары ұсынылады. Бұл процесс КБҚ қызметінде ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

15.3. Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметі (*бұдан әрі - ІАҚ*) Мемлекеттік корпорацияның қызметін жетілдіру мақсатында қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттардың орындалуын жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорацияның органы болып табылады. ІАҚ тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді Ішкі аудит комитеті жүзеге асырады. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасын, Жарғыны, Мемлекеттік корпорация органдарының шешімдерін, ІАҚ туралы ережені, Директорлар кеңесі бекітетін жылдық аудиторлық жоспарды, Мемлекеттік корпорацияның басқа да ішкі құжаттарын және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарының базалық қағидаттарын басшылыққа алады.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен (№ 01-01- 02/10 хаттама) бекітілген 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарда 12 жоспарлы аудиторлық тапсырма көзделген. Аудитпен даму жоспарын қалыптастыру және орындау, құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу, кадрлық әкімшілендіру, адами ресурстарды басқару, құзыреттерді дамыту, әкімшілік-шаруашылық қызмет, активтерді басқару, жылжымайтын мүлікке және заңды тұлғаларға құқықтарды тіркеу, жер кадастры, сондай-ақ

көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәлігін беру саласындағы мемлекеттік қызметтер секілді негізгі бизнес-процестерді қамту жоспарланды.

Жүргізілген бағалаулар мен тексерулердің нәтижелері бойынша Қызмет орындалу мониторингі ІАҚ тоқсан сайынғы негізінде жүзеге асырылатын тиісті ұсынымдар әзірлейді. ІАҚ қызметінің нәтижелері тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

15.4. Тәуекел менеджменті және ішкі бақылау

Мемлекеттік корпорация тәуекелдерді басқаруға қызметтің стратегиялық және операциялық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін факторлар кешеніне ретінде жауапкершілікпен қарайды. Мемлекеттік корпорацияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі (*бұдан әрі - ТБЖІБЖ*) жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау құралдары басқарушылық және өндірістік шешімдер қабылдауда қолданылады, бұл тәуекел менеджменті мен ішкі бақылау бизнес-процестермен және Мемлекеттік корпорацияның жалпы корпоративтік стратегиясымен интеграциялану дәрежесін едәуір арттырады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі қызметте Мемлекеттік корпорация Тредвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитетінің (COSO) «Ұйымдардың тәуекелдерін басқару. Интеграцияланған модель» (2017), «Ішкі бақылау - интеграцияланған құрылым» (2013) мемлекеттік стандарттарын және Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттары - Тәуекелдерді басқару саясатын, Ішкі бақылау жүйесі саясатын, Бизнес-процестерді басқару саясатын, Сапа саясатын, Тәуекелдерді басқару қағидалары пайдаланады.

Есептік кезеңде ТБЖІБЖ бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Мемлекеттік корпорация Басқармасы отырыстарының күн тәртібіндегі 114 мәселеге тәуекелдер бойынша қорытындылар дайындалды.

(Анықтамалық: тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің қорытындысын ұсыну мәселені құқықтық қамтамасыз ету мен экономикалық талдауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің қорытындыларымен қатар Басқарманың қарауына шығару кезінде міндетті болып табылады).

Ай сайынғы негізде Мемлекеттік корпорацияның Тәуекелдер тіркелімі мен Тәуекелдер картасына мониторинг жүргізіледі, олар 2023 жылы мынадай негізгі себептер бойынша өзектендірілді:

әлеуметтік қамсыздандыру, ақпараттық және ішкі қауіпсіздік желісі, АХАТ-тың берілетін функциялары, БМЖМК АЖ қолданысқа енгізілуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары, HR, сыртқы коммуникациялар (PR), қаржылық есеп, сапаны бақылау, ББО қызметі саласындағы, ҚР НҚА-дағы өзгерістер мониторингі бойынша қосымша тәуекелдерді сәйкестендіру;

сәйкестендіру саласы бойынша ұқсас жеке бөлінген тәуекелдерді тәуекел факторларына көшіру;

тәуекелдердің ықтималдығы мен әсер ету көрсеткіштерін қайта қарау;
тәуекелдердің ауысуы.

Әлеуетті және іске асырылған тәуекелдер базалары бойынша Мемлекеттік корпорация филиалдарының тәуекел-үйлестірушілерінің ай сайынғы есептеріне сәйкес, Мемлекеттік корпорацияның келесі топ-5 жүйелік тәуекелдері айқындалды:

- 1) Мамандандырылған ХҚКО желісі бойынша;
- 2) АТ ішкі және сыртқы жүйелерінің істен шығуы;
- 3) фронт-офистердің негізгі құралдармен және тауар-материалдық құндылықтармен толық жабдықталмауы;
- 4) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы бойынша;
- 5) Мемлекеттік корпорацияның қаржылық жағдайының нашарлауы.

Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің Комплаенс және тәуекелдер комитетінің тапсырмасын орындау үшін, аталған Комитеттің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 01-01-05/ККВЭ-04 шешімімен бекітілген 2023-2025 жылдарға арналған Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша кешенді іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі - Кешенді жоспар*) әзірленді.

Кешенді жоспарды әзірлеу барысында Даму стратегиясының негізгі көрсеткіштері бойынша интеграция элементтері бар жобалау-процестік тәсіл құралдарын қолданумен және Жалғыз акционердің жыл сайынғы күтулерімен Мемлекеттік корпорацияның түйінді проблемаларын жүйелі шешу арқылы тәуекелдерді басқаруға тұжырымдамалық тәсіл қолданылды.

2023 жылғы тамыздағы ТБЖ бойынша ақпаратты талдау қорытындысы бойынша, Мемлекеттік корпорация 2023 жылғы 27 қыркүйекте бекітілген Мемлекеттік корпорацияның төлем қабілеттілігін қолдау жөніндегі жол картасына сәйкес, дағдарысқа қарсы шараларға уақытылы бастамашылық етіп, қабылдады. Дағдарысқа қарсы іс-шаралардың әрқайсысы бойынша әлеуетті тәуекелдер, болжамды салдарлар және салдарларды барынша азайту үшін қажетті іс-әрекеттер айқындалды.

ІБЖ шеңберінде Мемлекеттік корпорацияда ІАҚ және Республикалық бюджетті атқару жөніндегі есеп комитеті ұсынымдарының орындалуына тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі.

2022-2023 жылдар кезеңінде 23 Түзету іс-қимылдарының жоспары (*бұдан әрі - ТІҚЖ*) бекітілді, онда ІАҚ 645 ұсынымын орындау көзделген. Бұл ретте 2023 жылы 252 ұсыныммен 16 ТІҚЖ әзірленіп, бекітілді. 604 ұсыным орындалды, ІАҚ келісімімен 28 ұсыным бойынша орындау мерзімі ұзартылды, 13 ұсыным бойынша орындау мерзімі басталған жоқ.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ТІҚЖ мониторингінің қорытындысы бойынша, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын және активтердің пайдаланылуын бағалаудың мемлекеттік аудиті шеңберінде, орындауға көзделген 17 тармақтан 1 тармақ қалып отыр, оның орындау мерзімі - 2025 жылғы 1 маусымға дейін.

ВРМ платформасында ТБЖжБЖ процестерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша өткізілетін іс шаралардың нәтижесінде келесі процестер реттеледі:

- Тәуекелдер тіркелімін басқару;
- тәуекел факторларын қалыптастыру;
- Негізгі тәуекелдерді азайту жоспары бойынша іс-шараларды

қалыптастыру;

элеуетті / іске асырылған тәуекел бойынша есептерді қалыптастыру;

Негізгі тәуекелдерді азайту жоспарын орындау бойынша есептерді қалыптастыру;

ІАҚ ТІҚЖ ұсынымдарын қалыптастыру;

ІАҚ ТІҚЖ ұсынымдарының орындалуы бойынша есептерді қалыптастыру және жинау;

тәуекелдер бойынша нұсқама жүргізу.

V. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

14. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мемлекеттік корпорация бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңын, 2015 жылғы 31 мамырдағы № 241 Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын, Мемлекеттік корпорацияның Есеп саясатын және Салықтық есеп саясатын, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (*бұдан әрі – ХҚЕС*) басшылыққа алады.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (*бұдан әрі - ХҚЕСК*) шығарған ХҚЕС-ке және ХҚЕСК халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын түсіндіру комитеті шығарған интерпретацияларға сәйкес дайындалған. Қаржылық есептілік тану күніне бағалау немесе әділ құны бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан басқа, бастапқы күн бойынша есепке алу қағидалары негізінде қалыптастырылған.

Есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар (қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп) енгізілген.

Қаржылық жағдай туралы есеп (*мың теңгемен*)

	Ескертпе	2023 жыл	2022 жыл
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	35 099 088	34 133 393
Материалдық емес активтер	6	3 365 418	2 532 213
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		-	-
Облигацияларға инвестициялар	7	2 786 156	2 342 719
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер		-	-
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		847	1 351
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		41 251 509	39 009 676
Ағымдағы активтер			
Қорлар	8	1 933 369	1 280 839
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	9	1 211 044	2 020 595
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1 005 485	715 207

Басқа да ағымдағы активтер	10	305 276	313 670
Банк салымдары	11	647 746	3 057 656
Ақша қаражаты және оның эквиваленттері	12	13 584 870	15 616 778
Ағымдағы активтер жиыны		18 687 790	23 004 745
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		59 939 299	62 014 421

Меншікті капитал және міндеттемелер *(мың теңгемен)*

	Ескертп	2023 год	2022 жыл
Жарғылық капитал	13	40 377 176	40 377 176
Бөлінбеген пайда		5 468 809	5 412 502
Меншік капитал жиыны		45 845 985	45 789 678
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелер		-	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	25	894 895	598 104
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		894 895	598 104
Ағымдағы міндеттемелер			
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	14	1 119 756	4 821 463
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	15	3 764 519	1 663 420
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелер	16	2 023 756	5 805 073
Акционердің кредиторлық берешегі	13	-	-
ҚҚС төлеуге	17	2 857 658	1 582 964
Басқа да ағымдағы міндеттемелер		3 482 730	15 626 639
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		13 198 419	62 014 421
Капитал мен міндеттемелердің барлығы		59 939 299	62 014 421

Жиынтық кіріс туралы есеп *(мың теңгемен)*

	Ескертпе	2023 жыл	2022 жыл
Түсім	18	93 296 762	82 025 005
Жалдау бойынша кірістер		267 400	368 568
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	19	(87 119 749)	(71 124 978)
Жалпы пайда		6 444 414	11 268 595
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(11 380 663)	(12 041 393)
Басқа операциялық кірістер	21	4 561 667	1 535 233
Басқа операциялық шығыстар	22	(421 718)	(113 089)
Операциялық пайда		(796 301)	649 346
Күтілетін кредиттік шығындарды қалпына келтіру / (есептеу), нетто	23	(12 633)	(260 197)
Қаржылық кірістер	24	1 105 920	928 603
Қаржылық шығындар		-	(577)
Салық салынғанға дейінгі пайда / (шығын)		296 986	1 317 175
Табыс салығы бойынша шығыстар	25	(296 791)	(634 420)

Есептік жылдағы таза пайда / (шығын)	195	682 755
Бір жылдағы өзге де жиынтық кіріс	-	-
Есептік жылдағы жиынтық табыс жиынтығы	195	682 755

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (мың теңгемен)

	Ескертпе	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Операциялық қызметтен алынған ақша ағындары			
Салық салынғанға дейінгі пайда		296 986	1 317 175
Түзетулер:			
Тозу және амортизация		3 030 710	2 969 961
Қаржылық кірістер		(1 105 920)	(928 603)
Қаржылық шығындар		-	577
Негізгі құралдардың шығуынан шығын		(546 743)	(9 618)
Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу		51 080	(260 197)
Жұмыскерлерге демалыстар мен бонустар бойынша резервтерді есептеу		4 199 555	6 646 006
Өтеусіз алынған активтерден түсетін кіріс		-	14 252
Басқа резервтер және есептелген міндеттемелер		(296 791)	6 293
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		5 628 878	10 276 240
Айналым капиталын өзгерту:			
Қорлардағы өзгеріс		(652 530)	8 658
Сауда дебиторлық берешектегі және өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		817 945	(1 534 195)
Жұмыскерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		(7 901 262)	(6 341 559)
Сауда және өзге де кредиторлық берешектегі және өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		3 950 865	(559 780)
Сатып алушылармен шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		(3 781 317)	455 660
ҚҚС төлеуге өзгеріс		1 103 939	(253 421)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		(833 482)	2 051 603
Төленген табыс салығы		6 513	(692 804)
Алынған сыйақы		662 483	600 112
Жалдау бойынша төленген сыйақы		-	(667)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары		(164 486)	1 958 244
	Ескертпе	2023 ЖЫЛ	2022 ЖЫЛ
Инвестициялық қызметтен алынған ақша ағындары			
Банктік салымдарды (Орналастыру)/ алып қою, нетто		2 409 910	(1 570 896)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(4 923 472)	(6 543 563)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		645 636	77 602
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтеріндегі өзгеріс		504	506
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған) /таза ақша ағындары		(1 867 421)	(8 036 351)
Негізгі жалдау борышы бойынша міндеттемелерді өтеу		-	(5 725)

Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша ағындары		-	(5 725)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгерісі		(2 031 908)	6 083 832
Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс	22	-	(8 009)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	15 606 778	21 708 619
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	11	13 584 870	15 616 778

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп *(мың теңгемен)*

	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2022 жылғы 1 қаңтарға	34 623 109	4 729 747	39 352 856
Есептік жылдағы таза пайда	-	682 755	682 755
Акционерлік капиталға жарна	5 754 067	-	5 754 067
Өзге де жиынтық кіріс	-	-	-
2022 жылғы 31 желтоқсанға	40 377 176	5 412 502	45 789 678
2023 жылғы 1 қаңтарға	40 377 176	5 412 502	45 789 678
Есептік жылдағы таза пайда	-	195	195
Жарғылық капиталға жарна	-	-	-
Өзге де жиынтық кіріс	-	56 112	56 112
2023 жылғы 31 желтоқсанға	40 377 176	5 468 809	45 845 985

Мемлекеттік корпорация өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде кіріс алуды көздемейтін және алынған таза табысты Акционердің пайдасына бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қаржылық жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке шолу жүргізу қызметінің қаржылық есептілік аудитін және ХҚЕС сәйкес жылдық қаржылық есептілік аудитін сатып алу туралы шартқа сәйкес сыртқы аудитор – «Crowe Audit Tani» ЖШС тартылған.

Тәуелсіз аудитордың қорытындысына сәйкес, қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2023 жылғы 31 желтоқсан бойынша Мемлекеттік корпорацияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысын анық көрсетеді.

Мемлекеттік корпорацияның 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігі Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 01-01-02/02 шешімімен алдын ала бекітілген, ЦДИАӨ Вице-Министрінің 2024 жылғы 15 тамыздағы № 495/НҚ бұйрығымен бекітілген және Мемлекеттік корпорацияның gov4c.kz. ресми интернет-ресурсында «Корпорация туралы. Есептілік» бөлімінде орналастырылған.

15. 2018-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЫРТҚЫ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қаржылық есептілік аудиті - қаржылық есептілікті ұсынудың белгіленген тұжырымдамалық негізіне (ХҚЕС, ҚЕҰС) сәйкес барлық елеулі аспектілер бойынша қаржылық есептілік дайындалды ма деген пікір білдіру мақсатында тәуелсіз тексеру рәсімі.

Заңның 78-бабының 1-тармағына сәйкес Мемлекеттік корпорацияның қаржылық есептілігінің аудиті міндетті болып табылады.

Жылдық қаржылық есептіліктің және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін бағалаудың дұрыстығын тексеру және растау үшін Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады.

Заңның 53-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және Мемлекеттік корпорация Жарғысының 48-тармағының 8) тармақшасына сәйкес қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2023 жылға қаржылық есептілік аудитін «Астана Эксперт Аудит» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін «Астана Эксперт Аудит» ЖШС төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен қоса есептегенде 15 500 мың теңгені құрады. «Астана Эксперт Аудит» ЖШС 2023 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтерді көрсеткен жоқ.

2022 жылға қаржылық есептілік аудитін «SFAI Kazakhstan» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін «SFAI Kazakhstan» ЖШС төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен қоса есептегенде 23 520 мың теңгені құрады. «SFAI Kazakhstan» ЖШС 2022 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2021 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit Tani» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін «Crowe Audit Tani» ЖШС төлеген сыйақы мөлшері ҚҚС-мен қоса есептегенде 20 048 мың теңгені құрады. «Crowe Audit Tani» ЖШС 2021 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2020 жылға қаржылық есептілік аудитін «Crowe Audit KZ» ЖШС жүргізді. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 21 168 мың теңгені құрады. «Crowe Audit KZ» ЖШС 2020 жылы қаржылық есептілік пен басқа да ақпарат аудитіне байланысты емес қызметтер көрсеткен жоқ.

2019 жылға қаржылық есептілік аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС жүргізген. Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтер үшін сыйақы сомасы ҚҚС-мен қоса есептегенде 91 840 мың теңгені құрады. Сондай-ақ «Эрнст энд Янг» ЖШС 2019 жылы семинарлар мен тренингтер өткізу бойынша жалпы сомасы 9 624,6 мың теңгеге қызмет көрсеткен.

Қаржылық есептілік аудитін жүргізген аудиторлық ұйымдардың бұрынғы қызметкерлері Мемлекеттік корпорацияға жұмысқа қабылданған емес.

Мүдделі тараптар үшін байланыс ақпараты:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 4 ғимарат.

Телефон: 8 (7172) 95-51-77, 95-51-78

E-mail: kense_nao@gov4c.kz

Интернет-ресурсы: <https://gov4c.kz>